

«Basel» Сақтандыру компаниясы АҚ  
Директорлар Кеңесі  
БЕКІТКЕН  
«01» наурыз 2024 жылғы  
№13/24 хаттамасы

«BASEL» САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ АҚ  
ӘУЕ КӨЛІГІН ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ  
**ЕРЕЖЕЛЕРІ**

Алматы қ., 2024 ж.

## МАЗМҰНЫ:

1. Жалпы ережелер
  2. Сақтандыру объектісі
  3. Сақтандыру жағдайлары
  4. Сақтандыруға жатпайтын жағдайлар және сақтандыруды шектеу. Сақтандырушыны сақтандыру төлемінен босату негіздері
  5. Сақтандыру сомасын анықтау тәртібі. Франшиза
  6. Сақтандыру сыйлықақысы. Төлеу тәртібі мен мерзімі
  7. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі
  8. Сақтандыру шартының әрекет ету мерзімі және орны
  9. Тараптардың құқықтары мен міндеттері
  10. Сақтандыру шарты әрекет еткен мерзімде сақтандыру тәуекелін арттыру салдары
  11. Сақтандыру төлемін жасау туралы мәселені қарау үшін қажетті құжаттар
  12. Сақтандыру төлемін жасау тәртібі және ережесі
  13. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы мәселені қарауы
  14. Қосарлы сақтандыру
  15. Суброгация
  16. Сақтандыру шартына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар
  17. Сақтандыру шартын тоқтату ережелері
  18. Тараптардың жауапкершілігі
  19. Дауларды шешу тәртібі
  20. Қосымша ережелер
- Қосымшалар

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. Осы «Basel» Сақтандыру компаниясы АҚ әуе көлігін сақтандыру ережелері (бұдан әрі – «Ережелер») Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексіне және Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» 200 жылғы 18 желтоқсандағы №126-II Заңына сәйкес дайындалды.
- 1.2. «Basel» Сақтандыру компаниясы Акционерлік Қоғамының (бұдан әрі – Сақтандырушы) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және осы ережелердің талаптарына сай заңды (меншік нысанына қарамастан) немесе әрекетке қабілетті жеке тұлғалармен оларға меншік құқығы бойынша тиесілі немесе олардың билік етуіне немесе пайдалануы үшін табысталған әуе көлігін ерікті сақтандыру шартын (бұдан әрі - Сақтандыру шарты) жасасады.
- 1.3. Әуе көлігін сақтандырудың мақсаты осы Ережеде көзделген сақтандыру жағдайларынан туындаған залалды толық немесе ішінара өтеу түрінде Сақтанушының мүліктік мүдделерін сақтандыру арқылы қорғауды қамтамасыз ету болып табылады.
- 1.4. Осы Ереженің және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының негізінде Сақтандырушы әуе кемелері меншік құқығымен тиесілі не оларға билік етуге немесе пайдалануға берілген, бұдан әрі «Сақтанушылар» деп аталатын заңды тұлғалармен (меншік нысанына қарамастан) әуе көлігін Сақтандыру шарттарын жасасады.
- 1.5. Сақтандыру шарты әуе кемелері меншік құқығымен тиесілі немесе оған билік етуге немесе пайдалануға берілген жеке тұлғамен де жасалуы мүмкін.
- 1.6. Сақтанушы сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін алушы ретінде кез келген тұлғаны (Пайда алушы) тағайындауға құқылы.
- 1.7. Сақтанушы - заңды тұлға Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде қайта ұйымдастырылған кезде оның осы Шарт бойынша құқықтары мен міндеттері Сақтандырушының келісімімен заңдарда белгіленген тәртіппен тиісті құқықтық мирасқорға ауысады.
- 1.8. Сақтанушы - жеке тұлға Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде қайтыс болған жағдайда оның осы Шарт бойынша құқықтары мен міндеттері заңнамада айқындалған тәртіппен оның мұрагерлеріне ауысады.
- 1.9. Сақтанушының құқыққа қарсы мүдделері сақтандыруға жатпайды.
- 1.10. Осы Ережелерде мынадай ұғымдар қолданылады:
  - 1) **Сақтандыру ережелері** – сақтандырудың белгілі бір түрі бойынша сақтандыруды жүзеге асыру шарттарын айқындайтын сақтандыру ұйымының құжаты;
  - 2) **Сақтандырушы** – уәкілетті мемлекеттік органның тиісті лицензиясы негізінде сақтандыру шарттарын жасасу және орындау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;
  - 3) **Сақтанушы** – Сақтандырушымен Сақтандыру шартын жасасқан заңды немесе жеке тұлға;
  - 4) **Сақтандырылушы** – мүліктік мүдделері оның зақымдануы немесе жоғалуы (жойылуы) салдарынан Сақтандырылған мүлікке иелік етумен, оны пайдаланумен, билік етумен байланысты тұлға;
  - 5) **Пайда алушы** – Сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;
  - 6) **экипаж мүшелері** – ұшу құрамының және қызмет көрсетуші қызметкерлердің адамдары. Экипаж құрамы әуе кемесінің үлгісі мен мақсатына, сондай-ақ ұшуды орындау кезінде оны пайдалану мақсаттары мен шарттарына байланысты айқындалады және оны әзірлеуші мен Тапсырыс беруші айқындайды. Ұшу құрамы адамдарының ішінен

экипаждың ең аз құрамы осы үлгідегі әуе кемесін ұшуға пайдалану жөніндегі басшылықта көрсетіледі. Ұшу экипажының мүшелеріне ұшу құрамының қолданыстағы куәліктері, сондай-ақ осы үлгідегі әуе кемесін және оның жабдығын басқару үшін қажетті даярлығы мен тәжірибесі бар адамдар: ұшқыштар, штурмандар, бортинженерлер, бортмеханиктер және бортрадистер жатады. Қызмет көрсететін персоналға әуе кемесін басқаруға және ұшу кезінде оны жабдықтауға байланысты міндеттерді орындамайтын экипаж мүшелері: бортсеріктер, бортоператорлар және әуе кемесінің мақсатына және ұшу мақсатына байланысты басқа да мамандар жатады;

- 7) **сақтандыру жағдайы** – басталуы Сақтандыру шарты сақтандыру төлемін жасауды көздейтін оқиға;
- 8) **сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңі** – егер Сақтандыру шартында өзге жағдай көзделмесе, Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі;
- 9) **сақтандыру сыйлықақысы** – Сақтанушы Сақтандырушыға соңғысының Сақтанушыға (Пайда алушыға) Сақтандыру шартында айқындалған мөлшерде сақтандыру төлемін жасау міндеттемелерін қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасы;
- 10) **сақтандыру сомасы** – сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы;
- 11) **сақтандыру төлемі** – сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы Сақтанушыға (Пайда алушыға) сақтандыру сомасы шегінде төлейтін ақша сомасы;
- 12) **сақтандыру полисі** – Сақтандырушы Сақтанушыға (Пайда алушыға) беретін және Сақтандыру шартын жасасу дерегін куәландыратын құжат;
- 13) **Сақтандыру шарты** – Сақтандырушы, Сақтанушы және Пайда алушы арасындағы қатынастарды регламенттейтін құжат, ол бойынша бір Тарап (Сақтанушы) сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндеттенеді, ал екінші Тарап (Сақтандырушы) сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушыға немесе Сақтандыру шарты оның пайдасына жасалған өзге тұлғаға (Пайда алушыға) Сақтандыру шартында келісілген сома (сақтандыру сомасы) шегінде сақтандыру төлемін жасауға міндеттенеді;
- 14) **Франшиза** – Сақтандыру шартының талаптарында көзделген Сақтандырушының анықталған мөлшерден аспайтын шығындарды өтеуден босатылуы Сақтанушының өз ұстауында қалады;
- 15) **шартсыз франшиза** – Сақтанушының мүліктік мүдделеріне келтірілуі мүмкін және оның ұстап қалуында қалатын Сақтандырушы өтеуге тиіс емес ықтимал залалдың бір бөлігі;
- 16) **шартты франшиза** – Сақтанушының мүдделеріне келтірілуі мүмкін ықтимал залалдың бір бөлігі Сақтандырушының өтеуіне жатады, егер сақтандыру жағдайынан болған залал белгіленген франшиза мөлшерінен асып кетсе;
- 17) **суброгация** – өтелген залал шегінде Сақтанушыға келтірілген залал үшін жауапты тұлғадан өтемақыны талап ету құқығын сақтандыру өтемін төлеген Сақтандырушыға өту;
- 18) **әуе кемесі/әуе көлігі** – жер (су) бетінен шағылысқан ауамен өзара әрекеттесуден ерекшеленетін ауамен өзара әрекеттесуі есебінен атмосферада ұсталатын ұшу аппараты. Әуе кемесі корпусты, сондай-ақ орнатылған немесе борттық жиынтықта көзделген немесе әуе кемесінің корпусынан уақытша алынған және жанар-жағармай материалдарын,

арнайы сұйықтықтар мен басқа да жұмсалатын материалдарды қоспағанда, басқа қозғалтқыштармен, құрал-саймандармен, жабдықтармен, керек-жарақтармен және бөлшектермен алмастырылмаған қозғалтқыштарды, құрал-саймандарды, жабдықтарды, керек-жарақтар мен бөлшектерді қамтиды;

- 19) **агрегат** – әуе кемесінің осы бөлік үшін тікелей орнатылған жөндеу аралық ресурсы бар және оған жеке паспорт немесе формуляр ресімделген құрамдас бөлігі. Әуе кемесінің қозғалтқышы бір агрегат болып саналады;
- 20) **қосалқы бөлшектер** – жекелеген бөлшектер, бөлшектер жинақтары, электрондық блоктар, агрегаттар, сондай-ақ сақтандырылған әуе кемелерінің ұқсас бөлшектерін, электрондық блоктарын, агрегаттары мен жабдықтарын әртүрлі себептер бойынша қосымша жабдық немесе ауыстыру ретінде әуе кемесіне орнатуға арналған, сондай-ақ сақтандырылған әуе кемесінен бөлшектелген және бөлшектердің, электрондық блоктардың, агрегаттардың ауыстырылған жиынтықтары мен жабдықтары;
- 21) **қызмет мерзімі** – техникалық ресурс, немесе пайдалану саны, немесе жарамды күйде болу кезеңі және/немесе күнтізбелік уақыт, олар аяқталғаннан кейін пайдалану ережелеріне сәйкес әуе кемесі жөндеуге немесе агрегаттарды ауыстыруға жатады;
- 22) **жоспарлы жөндеу құны** – бүлінген бөлікті немесе агрегатты жоспарлы (күрделі) жөндеуді жүзеге асыру немесе қызмет ету мерзімі өткеннен кейін оны соған ұқсас (қажеттілігіне қарай) ауыстыру үшін қажет жұмыстар мен материалдардың құны;
- 23) **жеке ойын-сауық үшін пайдалану** – әуе кемесін тек жеке мақсаттарда және демалу үшін пайдалану, бірақ іскерлік немесе кәсіби мүдделерде емес және жалға беру немесе жалданғаны үшін емес;
- 24) **іскерлік мақсаттарда пайдалану** – әуе кемесін Сақтанушының іскерлік немесе кәсіптік мүдделері мақсатында пайдалану, бірақ жалға беру немесе сыйақы үшін емес;
- 25) **коммерциялық пайдалану** – әуе кемесін 24) және 26) тармақтарда көрсетілген мақсаттарда сыйақы үшін пайдалану;
- 26) **жалға беру** – Сақтанушының әуе кемесін басқаруы Сақтанушының бақылауында болмаған кезде, кез келген жеке тұлғаларға, компанияларға немесе ұйымдарға іскерлік және жеке мақсаттар үшін әуе кемесін жалға беруі, лизингі, чартері немесе жалға беруі. Кез келген басқа мақсаттар үшін жалға пайдалану осы ережелер бойынша жабылмайды.
- 27) **әуе кемесінің ұшуы** – ұшып көтерілу кезіндегі екпін алудың (тік ұшып көтерілу кезінде жер немесе су бетінен ажыраудың) басынан бастап жүріп өту аяқталғанға (ұшу-қону жолағын тоқтаусыз босату) немесе тік қону кезінде жер (су) бетіне тигенге дейін жер (су) беті бойынша және әуе кеңістігінде әуе кемесінің ұшуы;
- 28) **халықаралық ұшу** – әуе кемесі шет мемлекеттің шекарасын кесіп өтетін әуе кемесінің ұшуы;
- 29) **рульдеу** – ұшып көтерілуді және қонуды қоспағанда, әуе кемесінің өзіндік тартымының есебінен әуеайлақ беті бойынша қозғалатын уақыт кезеңі. Әуе кемесі судан ұшып шыққан жағдай үшін ол қозғалғанда, бірақ ұшуда болмаған және зәкірде емес кезінде рульдеу деп есептеледі;
- 30) **зәкірде** – әуе кемесі ұшуда немесе рульдеуде болған жағдайларды қоспағанда, әуе кемесі суда болған және зәкірмен бекітілген уақыт кезеңі немесе зәкірді лақтыру немесе оны көтеру кезеңі;

- 31) **тоқтап тұру** – әуе кемесі ұшуда, рульдеуде және зәкірде емес уақыт кезеңі;
- 32) **авиациялық инцидент** – әуе кемесі ұшуды орындау мақсатында пайдаланылған кезде осы кеменің, оның экипажының, басқа авиациялық қызметкерлер тобының қалыпты жұмыс істеуінің бұзылуына байланысты немесе сыртқы жағдайлардың әсеріне байланысты туындаған, бірақ авиациялық оқиғаға әкеп соқпаған оқиға;
- 33) **авиациялық оқиға** – әуе кемесі ұшуды орындау мақсатында пайдаланылған кезде осы кеменің, оның экипажының, басқа авиация персоналының қалыпты жұмыс істеуінің бұзылуына байланысты немесе сыртқы жағдайлардың әсеріне байланысты туындаған және адамдардың қаза табуына, әуе кемесінің елеулі зақымдануына, қирауына немесе жоғалуына әкеп соққан оқиға;
- 34) **әуе кемесінің апатқа ұшырауы:**
- ✓ **әуе кемесінің толық жойылуы** – әуе кемесі толығымен жойылды және қалпына келтіруге жатпайды және оның ешқандай агрегаттарын одан әрі олардың тікелей мақсаты бойынша пайдалануға болмайды; әуе кемесі Сақтанушы (Пайда алушы) үшін біржола жоғалды;
  - ✓ **әуе кемесінің конструктивтік жойылуы** – әуе кемесін қалпына келтірудің техникалық мүмкін еместігі немесе экономикалық орынсыздығы, сондай-ақ оны тікелей мақсаты бойынша пайдаланудың мүмкін еместігі. Егер әуе кемесін апаттық жөндеуге арналған шығыстар оның құнының 75% астамын құраған жағдайда, оны қалпына келтіру экономикалық тұрғыдан орынсыз деп есептеледі;
- 35) **хабар-ошарсыз жоғалу** – жоғалған әуе кемесін іздеу ресми түрде тоқтатылғанын және оның (немесе оның сынықтарының) тұрған жері анықталмағанын білдіреді;
- 36) **әуе кемесін бүлдіру** – әуе кемесінің (оның элементтерінің) оның опат болуына әкеп соқпаған конструкциясы тұтастығының бұзылуы орын алғанын білдіреді.
- 37) **дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым (бұдан әрі - ұйым)** - акционерлік қоғам ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, дауыс беретін акцияларының жүз пайызы Ұлттық Банкке тиесілі коммерциялық емес ұйым. Ұйым “Сақтандыру қызметі туралы” Заңның және сақтандырудың міндетті түрлерін реттейтін Қазақстан Республикасының жекелеген заңдарының негізінде сақтандырудың міндетті және ерікті түрлері, қайта сақтандыру, бірлесіп сақтандыру, бірлескен қайта сақтандыру дерекқорын қалыптастырады және жүргізеді.

## 2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТИСІ

- 2.1. Осы Ережелерге сәйкес сақтандыру объектісі болып оның опат болуы (із-түзсіз жоғалуы) немесе зақымдануы салдарынан әуе кемесін иеленумен, пайдаланумен немесе билік етумен байланысты Сақтанушының мүліктік мүдделері табылады.
- 2.2. Осы Ережелерге сәйкес келесілер сақтандырылуы мүмкін:
- 1) әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі, әуе кемесінің ұшуға жарамдылық сертификаты (куәлігі) немесе оларды алмастыратын өзге де құжаттары бар әуе кемелері (азаматтық, мемлекеттік және тәжірибелік авиация);

- 2) әуе кемесінің бортында орнатылған және тиісті түрде ресімделген құжаттары (паспорты, формуляры және т. б.) бар әуе кемелерінің жекелеген агрегаттары;
  - 3) әуе кемелерінің қосалқы бөлшектері, сондай-ақ әуеайлақ аумағында әуе кемесіне техникалық және/немесе коммерциялық қызмет көрсетумен тікелей байланыста пайдаланылатын механикаландыру құралдары мен техникалық құрылғылар (бұдан әрі мәтін бойынша механикаландыру құралдары мен техникалық құрылғылар).
- 2.3. Сақтандыру шартында екі немесе одан да көп әуе кемесін сақтандыру көзделуі мүмкін.
- 2.4. Егер қолданыстағы «Азаматтық кемені мемлекеттік тіркеу туралы куәлік», «Азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы туралы куәлік» және/немесе әуе көлігін мемлекеттік және ведомстволық басқару органдары талап ететін басқа да құжаттар, сондай-ақ әуе кемесіне меншік (жалға алу) құқығын растайтын құжаттар болмаса, әуе кемесін сақтандыруға қабылданбайды.

### **3. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫ**

- 3.1. Әуе кемесін сақтандыру келесі жағдайлар үшін жасалады:
- 1) зақымдануы;
  - 2) толық немесе конструктивті опат болуы, Сақтандыру шартымен өзге жағдай көзделмесе әуе кемесінің тұрағы, зәкірде болуы, рульдеуі және/немесе ұшуы кезінде Сақтандыру ережелерінің 4.1-тармағында аталғаннан басқа кез келген себептердің нәтижесінде хабар-ошарсыз жоғалып кетуі.
- 3.2. Осы Ережелерге сәйкес Сақтанушының қалауымен Сақтандырушы келесілерді сақтандыра алады:
- 1) жалпы әуе кемесі;
  - 2) әуе кемесінің жекелеген конструктивтік бөліктері мен агрегаттары (фюзеляж, қозғалтқыштар және т. б.);
  - 3) қосымша орнатылған арнайы жабдық;
  - 4) әуе кемесін құтқаруға байланысты шығыстар.
- 3.3. Рейске (ұшуға) Сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтандыру ұшып шығу әуеайлағында ұшу үшін әуе кемесінің қозғалтқыштарын іске қосқан сәттен бастап және оларды межелі әуеайлақтың тұрағында сөндірген сәтке дейін қолданылады.
- 3.4. Осы Ережеге сәйкес сақтандырылған әуе кемесінен алынған жеке агрегатқа қатысты сақтандыру осындай агрегат әуежай аумағынан шықпаған, басқа әуе кемесіне орнатылмаған немесе оның орнына басқа агрегат орнатылмаған жағдайда қолданылады.
- 3.5. Сақтандыру арқылы қорғау Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде басталған сақтандыру жағдайларына ғана қолданылады.
- 3.6. Сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиға төменде санамаланған барлық белгілерге ие болуы тиіс:
- 1) оқиғаның басталу ықтималдығы мен кездейсоқтығы;
  - 2) оқиғаның басталуының нақты уақытына немесе орнына, сондай-ақ оқиғаның басталуы нәтижесіндегі залалдар мөлшеріне қатысты болжанбауы;
  - 3) оқиға Сақтандыру шартының қолданылуы шегінде сөзсіз және объективті түрде болуға тиіс деген қауіптің болмауы, ол туралы Тараптар немесе ең болмағанда Сақтанушы алдын ала білген немесе алдын ала хабардар болған;

- 4) оқиғаның басталуы Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) мүлдіктік мүддесі үшін теріс, тиімсіз экономикалық салдарларға ие болса;
  - 5) оқиғаның басталуы Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) ерік білдіруімен және (немесе) пиғылымен байланысты емес және пайда алу және (немесе) ұтыс алу мақсатын (алыпсатарлық тәуекел) көздемейді.
- 3.7. Егер Сақтандыру шартында 2 (екі) немесе одан да көп әуе кемесі бойынша сақтандыру көзделсе, онда осы Ережелердің шарттары әрбір әуе кемесі үшін жеке қолданылады.
- 3.8. Сақтандыру шарттары Сақтанушы мәлімдеген тәуекел негізінде қолданылатын арнайы ескертпелерді (Лондондық сақтандырушылар институтының ескертпелерін) қамтиды, (№ 1 – 5 Қосымшалар).
- 3.9. Сақтандыру жағдайының басталуын, сондай-ақ оларға келтірілген зиянның мөлшерін дәлелдеу Сақтанушы мен Пайда алушыға жүктеледі.
- 3.10. Сақтандыру шарттарында/осы Ережелернің қосымшаларында сақтандыру жағдайларының өзге тізбесі көзделуі мүмкін.

#### **4. САҚТАНДЫРУҒА ЖАТПАЙТЫН ЖАҒДАЙЛАР ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ. САҚТАНДЫРУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНЕН БОСАТУ НЕГІЗДЕРІ**

- 4.1. Сақтандыру төлемі келесі жағдайларда жасалмайды:
- 1) егер Сақтанушы тәуекел дәрежесін бағалау үшін қажетті көрінеу жалған мәліметтерді хабарласа;
  - 2) егер салдар осы жабдықтың, агрегаттардың, бөлшектердің немесе бөліктердің ішінде орналасқан болса, радиоэлектрондық және арнайы жабдықтың, жекелеген агрегаттардың, бөлшектердің немесе бөліктердің табиғи тозуының, ескіруінің, беріктігінің, коррозиясының, конструкциялық ақауларының, істен шығуының салдары болып табылатын залал үшін;
  - 3) егер олар әуе кемесімен болған нақты тіркелген оқиғамен байланысты болмаса және ұшудан кейінгі тексеру кезінде немесе техникалық қызмет көрсетуді орындау кезінде анықталса, қозғалтқыш компрессоры қалақтарының, сыртқы қаптама элементтерінің және әуе кемесінің басқа агрегаттарының жергілікті зақымданулары (майысулары мен ұрылған жерлері) нәтижесінде келтірілген залал үшін; қозғалтқыштың газ-ауа жолына бөгде заттардың түсуінен компрессор қалақтарының зақымдануы, егер мұндай зақымдану қозғалтқыштың ұшуда немесе рульдеуде тіркелген істен шығуының себебі болып табылса, сақтандыру жағдайы ретінде қаралады.  
Алайда, егер осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларында аталған себептер әуе кемесінің басқа элементтерінің зақымдануына немесе оның опат болуына әкеп соқса, онда залал өтелуге тиіс.
  - 4) жанама залалдар, пайданы жоғалту үшін;
  - 5) үшінші тұлғаларға келтірілген залал үшін;
  - 6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, аэронавигация, әуе кемесін ұшу және техникалық пайдалану және оған қызмет көрсету жөніндегі талаптардың (нұсқаулардың), әуе кемесінің жекелеген агенттіктерінің талаптарын сақтамау, сондай-ақ қолданыстағы ережелер, нұсқаулықтар мен нұсқаулар бойынша талап етілетін әуе кемесі мен әуе кемесінің агрегаттарына арналған барлық қажетті құжаттама дұрыс ресімделмеген кезде;



- 7) егер залал Сақтанушының (Пайда алушының) сақтандыру жағдайының немесе Сақтанушының (Пайда алушының) өрескел абайсыздығының басталуына бағытталған қасақана іс-әрекеттерінің нәтижесінде туындаса;
- 8) егер залал Сақтанушының (Пайда алушының) заң ережелерін немесе ведомстволық нормативтік құжаттарды сақтамауы нәтижесінде туындаса, сондай-ақ бұзылуы қылмыс ретінде сараланса;
- 9) егер залал сақтандырылған әуе кемесінің қонуына немесе ұшып көтерілуіне арналмаған қону алаңдарын пайдалану нәтижесінде туындаса (еңсерілмейтін күш мән-жайларын қоспағанда);
- 10) егер залал Сақтандыру шартында көрсетілген географиялық шектеулер шегінде әуе кемесінің болуы нәтижесінде туындаса (еңсерілмейтін күш мән-жайларын қоспағанда);
- 11) егер залал Сақтанушы қызметкерлерінің және/немесе Сақтанушымен бірлескен қаржы-шаруашылық қызметті жүргізетін тұлғалардың қасақана іс-әрекеттері нәтижесінде туындаса;
- 12) егер зиян сақтандыру орнына немесе сақтандыру орнынан тасымалдау кезінде тонау (қарақшылық) нәтижесінде туындаса;
- 13) егер залал Сақтанушы сақтандыру өтінішінде көрсетпеген жеке (немесе заңды) тұлғаның әуе кемесін пайдалануы нәтижесінде туындаса, әуе кемесін жерде осы істе құзыретті уәкілетті тұлға басқаратын жағдайлардан басқа;
- 14) егер залал әскери әуе кемелерінің залал келтіруі нәтижесінде туындаса;
- 15) егер залал әуе кемесін көліктің кез келген түрімен тасымалдау нәтижесінде туындаса;
- 16) егер залал күрделі немесе апаттық жөндеуден кейін әуе кемесінің ұшуы нәтижесінде туындаса;
- 17) егер зиян әуе кемесін аң аулау, ату, қандайда бір затты әдейі шашырату немесе тозандату мақсатында пайдалану нәтижесінде туындаса;
- 18) егер залал жаңа конструкцияларды сынау, сондай-ақ ұшуға арнайы рұқсатты қажет ететін басқа да конструкцияларды жүргізу нәтижесінде туындаса;
- 19) егер залал авиациялық іс-шаралар (көрсету, фигуралық, акробатикалық, рекордтық ұшулар, жарыстар және т. б.) шеңберінде жүргізілетін ұшулар нәтижесінде туындаса;
- 20) егер зиян ұшқыштарды оқыту немесе ұшқыштардың біліктілігін арттыру үшін әуе кемесін пайдалану нәтижесінде туындаса;
- 21) егер залал келесілермен алып тасталған оқиғалар нәтижесінде туындаса:
  - «Радиация әсерін немесе радиоактивті ластануды жоққа шығару туралы ереже» AVN.71 (№ 1 қосымша);
  - «Сақтандыру шартынан №1 ядролық тәуекелдерді шығару туралы ереже» - AVN.38B (№ 2 қосымша);
  - «Соғыс, айдап әкету және басқа қауіптер тәуекелін жоққа шығару туралы ереже» AVN.48B (№ 3 қосымша);
  - «Сақтандыру шартынан күндерді электрондық танып көруге байланысты тәуекелдерді шығару туралы ереже» - AVN.2000A (№ 4 қосымша);
- 22) егер залал әуе кемесін заңсыз мақсаттарда немесе Сақтандыру шартында көрсетілгеннен өзгеше мақсаттарда пайдалану нәтижесінде туындаса;
- 23) егер зиян кез келген себептердің нәтижесінде туындаса, егер әуе кемесінің бортында жолаушылар немесе жүк Сақтандыру шартында айтылғаннан артық болса.

- 15) – 20) тармақшаларында аталған тәуекелдер қосымша сақтандыру сыйлықақысы үшін ерекше айтылатын шарттармен сақтандырылуы мүмкін.
- 4.2. Сақтандыру төлемінің сомасына келесілер кірмейді:
- 1) сақтандыру жағдайынан кейін сақтандырылған әуе кемесін, қосалқы бөлшектерді, жеке агрегатты, механикаландыру құралдары мен техникалық құрылғыларды пайдалану мүмкін еместігіне байланысты қолданыстан шығарылған пайда;
  - 2) сақтандырылған әуе кемесінің кідіруі, кешігуі, рейстің күшін жою, әуе кемесінің бос тұруы, тасымалдау шартының бұзылуы, тасымалдау шартының күшін жою салдарынан болған шығындар;
  - 3) шарттық, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген, сақтандыру жағдайына байланысты туындаған және/немесе туындауы мүмкін кез келген тұрақсыздық айыбы (айыппұлдар, өсімпұлдар);
  - 4) сақтандыру жағдайынан кейін Сақтандырылған әуе кемесін, қосалқы бөлшектерді немесе жеке агрегатты, механикаландыру құралдары мен техникалық құрылғыларды пайдалану мүмкін еместігіне байланысты кез келген қосымша шығыстар, қандай да бір: өзге әуе кемесін, қосалқы бөлшектерді және/немесе агрегатты, механикаландыру құралдары мен техникалық құрылғыларды уақытша пайдалануға арналған шығыстар, әуе кемесінің зақымдалуына байланысты арнайы машиналар мен механикаландыру құралдарын пайдалануға арналған шығыстар;
  - 5) әуе кемесінің қалдықтарын, қосалқы бөлшектерді, агрегаттарды, механикаландыру құралдары мен техникалық құрылғыларды жинау және кәдеге жарату шығыстары;
  - 6) әуе кемесі хабар-ошарсыз жоғалған жағдайда іздестіру жұмыстарына арналған шығыстар;
  - 7) әуе кемесін, қосалқы бөлшектерді, агрегаттарды, механикаландыру құралдары мен техникалық құрылғыларды қайта жабдықтауға, жаңғыртуға, пысықтауға арналған шығындар (егер мұндай жұмыстар апаттық жөндеумен қоса атқарылса), сондай-ақ сақтандыру жағдайымен байланысты емес, бірақ сақтандыру жағдайына байланысты апаттық жөндеу жүргізу кезінде анықталған ақауларды жөндеуге арналған шығындар;
- Сақтанушы сақтандыру жағдайына байланысты зиянды, оның ішінде моральдық зиянды өтеу тәртібімен үшінші тұлғаларға төлейтін сомалар;
- 4.3. Сақтанушы зақымданған әуе кемесінің сақталуын қамтамасыз ету жөнінде оған ақылға қонымды және қолжетімді шаралар қолданбаған кезде Сақтандырушының Сақтанушының іс-әрекеті немесе әрекетсіздігі нәтижесінде туындаған қосымша залал сомасына сақтандыру төлемінің мөлшерін азайтуға құқығы бар.
- 4.4. Сақтанушы зиян келтіруге кінәлі тұлғаларға қатысты суброгация тәртібімен талап ету құқығының Сақтандырушыға өтуін қамтамасыз ету бойынша оған ақылға қонымды және қолжетімді шараларды қабылдамаған кезде Сақтандырушы сақтандыру төлемінен толық немесе тиісті бөлігінде босатылады және артық төленген соманы қайтаруды талап етуге құқылы.
- 4.5. Сақтандырушы сақтандыру шартының қолданылуы басталғанға дейін орын алған және сақтандыруға өтініш берген кезде Сақтанушы білген немесе білуге тиіс болған сақтандыру жағдайының нәтижесінде Сақтанушыға келтірілген залалды өтемейді.
- 4.6. Сақтандырушы Сақтанушының (Сақтандырылушының) ықтимал шығындарды азайту үшін ақылға қонымды және қолжетімді шараларды қасақана

- қабылдамауы салдарынан туындаған шығындар бөлігінде сақтандыру төлемін жасаудан босатылады.
- 4.7. Егер сақтандыру жағдайы келесілердің салдарынан орын алса, Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тартуға құқылы:
- 1) қажетті қорғаныс немесе аса қажеттілік жағдайында жасалған іс-әрекеттерді қоспағанда, Сақтанушының, экипаж мүшесінің және/немесе Пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана іс-әрекеттері;
  - 2) Сақтанушының, экипаж мүшесінің және/немесе Пайда алушының заңнамалық актілерде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себептік байланыста болатын қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған іс-әрекеттері.
- 4.8. Сақтандырушы сақтандыру жағдайы келесілердің салдарынан орын алғанда сақтандыру төлемін жасаудан босатылады:
- 1) ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивті уланудың әсері;
  - 2) әскери іс-қимылдар, терроризм актілері;
  - 3) азамат соғысы, әр түрлі халық толқулары, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер.
- 4.9. Сақтандырумен келесілердің салдарынан туындаған оқиғалар өтелмейді:
- 1) Сақтанушы әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы қолданыстағы куәлігі және әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы туралы қолданыстағы куәлігі және әуе көлігінде ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік және ведомстволық басқару органдары талап ететін басқа да құжаттары жоқ әуе кемесін пайдаланған кезде;
  - 2) Сақтанушы/экипаж мүшелері кемені ұшуға дайындау ережелерін, ұшу ережелерін, жолаушыларды (жүктерді, багажды) тасымалдау ережелерін, санитарлық-гигиеналық талаптарды, Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда белгіленген әуе кемесін күтіп-ұстауға, қорғауға, жөндеуге, ұшуға және техникалық пайдалануға қойылатын өзге де талаптарды бұзған жағдайларда, әуе кемесін күтіп-ұстауға, қорғауға, жөндеуге және пайдалануға қойылатын талаптарды бұзуы;
  - 3) ұшу құрамы экипажының мүшелерінде ұшу құрамының қолданыстағы куәлігі болмаған кезде және/немесе осы үлгідегі әуе кемесін және оның жабдығын басқару үшін қажетті дайындық/тәжірибе;
  - 4) әуе кемесіне арнайы рұқсаты жоқ және арнайы оқытудан өтпеген білікті емес персонал қызмет көрсеткен, сол сияқты ол үшін арнайы оқытылмаған және арнайы рұқсаты жоқ адамдарға қызмет көрсеткен және/немесе жөндеген кезде;
  - 5) Сақтанушы әуе кемесін сақтандыруға арналған өтінішпен көзделмеген мақсаттарда немесе ол белгілеген осы кемені пайдалану ауданының шегінен тыс пайдаланған кезде (егер бұл еңсерілмейтін күш мән-жайларынан туындамаса);
  - 6) сақтандырылған көлікке арналмаған ұшу-қону алаңдарын пайдалану (мәжбүрлі жағдайлардан басқа);
  - 7) әуе көлігін сынақтарда, спорттық/ демонстрациялық іс-шараларда немесе оқу мақсаттарында пайдалану;
  - 8) әуе көлігін заңсыз мақсаттарда, оның ішінде Сақтанушының/экипаж мүшелерінің сот қылмыстық жазаланатын деп таныған іс-әрекеттерді жасауы нәтижесінде болған немесе әуе көлігі қылмыс құралы болып табылған жағдайларда пайдалану;

- 9) әуе кемесінің жекелеген агрегаттарының жұмыс процестеріне және ілеспе факторларға (діріл, шу, электромагниттік кедергілер және т.б.) байланысты тозуына, қартаюына, беріктігінің төмендеуіне байланысты істен шығуы, егер мұндай зақымданулардың салдары агрегаттар ішінде оқшауландырылған болса;
  - 10) әуе кемесінің құрылымдарындағы элементтер жинақтаушы немесе прогрессивті сипатты қалыпты пайдалану жағдайлары мен жүктеме әсеріне байланысты зақымдалуы (коррозия, шаршаған жарықтар, қатпарлану және т. б.);
  - 11) дайындаушы-зауыт арнайы ескертпеген және ұсынбаған қосалқы бөлшектерді, жинақтауыштарды және/немесе шығыс материалдарын пайдалану;
  - 12) өндірістік ақау немесе кемістік;
  - 13) қалыпты тозу ретінде қаралатын бөгде заттардың түсуі нәтижесінде қозғалтқышқа ұзақ уақыт залал келтіруі;
  - 14) командир мен экипаждың ұшу қауіпсіздігін, әуе көлігінің сақталуын қамтамасыз ету үшін шаралар қабылдамауы;
  - 15) Сақтанушыға өзіне жалға, лизингке берілген сақтандырылған әуе көлігін қайтармаған жағдайларда.
- 4.10. Сақтандырушы мемлекеттік органдардың өкімі бойынша сақтандырылған әуе көлігін алып қою, тәркілеу, реквизициялау, тыйым салу немесе жою салдарынан туындаған залалдар үшін сақтандыру төлемін жасаудан босатылады.
- 4.11. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жасаудан бас тартуы үшін мыналар да негіз бола алады:
- 1) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы көрінеу жалған мәліметтер хабарлауы;
  - 2) Сақтанушының сақтандыру жағдайынан болған залалдарды азайту жөнінде шараларды қасақана қолданбауы;
  - 3) Сақтанушының залалды келтіруге кінәлі тұлғадан мүліктік сақтандыру бойынша шығынның тиісті өтемін алуы;
  - 4) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын тергеп-тексеруде және оған келтірілген залалдың мөлшерін белгілеуде кедергі келтіруі;
  - 5) Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабардар етпеу/уақтылы хабардар етпеу;
- Сақтанушының сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға өзінің талап қою құқығынан бас тартуы, сондай-ақ Сақтандырушыға талап қою құқығының өтуі үшін қажетті құжаттарды беруден бас тартуы. Егер сақтандыру төлемі жасалған болса, Сақтандырушы оның толық немесе ішінара қайтарылуын талап етуге құқылы;
- 4.12. Осы Ереженің 4.11-тармағында көзделген жағдайлардан басқа, Сақтандыру шартында тікелей айтылған жағдайларды қоспағанда, сақтандырумен моральдік залал, құрметке, ар-намыс пен іскерлік абыройға кесірін тигізетін деректерді таратумен келтірілген залал (Сақтандырушының сақтандыру құпиясын сақтау міндетіне байланысты емес), Сақтанушының (экипаж мүшелерінің, Пайда алушының) шығындары (оның ішінде, айыппұлдар, тұрақсыздық айыбы, сот шығындары, экипаж мүшелерін қажетті /қайта бағыттау бойынша шығындар, әуе көлігін жөндеу уақытында тұрғын үйді жалға алу немесе қонақүйде тұру бойынша шығындар, іссапарлық шығындар,

өндірістің тұрып қалуына байланысты шығындар, әуе кемесінің тауар құнының /тауар түрінің жоғалуы, жоғалтып алған пайда) өтелмейді.

- 4.13. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жасаудан бас тартуына Сақтанушы / Пайда алушы сотқа шағымдана алады.
- 4.14. Сақтандыру шартымен / осы Ереженің қосымшаларымен Сақтандырушыны сақтандыру төлемінен босату негіздерінің тізбесі өзгертілуі/қысқартылуы / толықтырылуы мүмкін.

## **5. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН АНЫҚТАУ ТӘРТІБІ. ФРАНШИЗА**

- 5.1. Сақтандыру сомасының мөлшері бухгалтерлік құжаттардың, нарықтық конъюнктураның негізінде әуе кемесінің баланстық немесе нарықтық құнын (басқаша - сақтандыру құнын) негізге ала отырып, Тараптардың келісімімен айқындалады. Сақтандыру сомасы сақтандыру шартын жасасқан кездегі әуе кемесінің нарықтық құнынан аспауға тиіс.
- 5.2. Сақтандырушы Сақтанушының оны әдейі адастырғанын дәлелдеген жағдайларды қоспағанда, Тараптар Сақтандыру шартында айқындалған сақтандыру құнына дау айта алмайды.
- 5.3. Егер Сақтандыру шартында айқындалған сақтандыру сомасы сақтандыру құнынан асып кетсе, ол Сақтандыру шартын жасасу сәтіндегі нақты құнынан асатын сақтандыру сомасының бөлігінде заңға байланысты жарамсыз болып табылады.
- 5.4. Сақтандыру шартында франшиза (шартты немесе шартсыз) қарастырылуы мүмкін. Франшиза сақтандыру сомасына пайызбен немесе абсолютті мөлшерде белгіленеді.
- 5.5. Шартты франшиза кезінде Сақтандырушы франшизаның белгіленген сомасынан аспайтын залал үшін жауапкершіліктен босатылады және егер оның сомасы франшизадан артық болса, залалды толық өтеуге тиіс. Шартсыз франшиза кезінде егер залал франшизаның белгіленген мөлшерінен аспаса, онда төлем жүргізілмейді, артық болған жағдайда залал белгіленген франшиза шегеріле отырып өтеледі.
- 5.6. Франшизаның түрі мен мөлшері Сақтанушы мен Сақтандырушы арасындағы келісім бойынша белгіленеді және Сақтандыру шартында көрсетіледі.
- 5.7. Франшиза бір сақтандыру жағдайы үшін немесе әрбір сақтандырылған тәуекел үшін белгіленуі мүмкін. Егер бірнеше сақтандыру жағдайлары немесе тәуекелдері орын алған болса, франшиза сомасы олардың әрқайсысы бойынша залал сомасын есептеу кезінде ескеріледі.

## **6. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫЛАРЫ. ОЛАРДЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ МЕРЗІМІ**

- 6.1. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері әуе көлігінің сипаттамаларына, оны пайдалану шарттары мен ерекшеліктеріне, сақтандыру шарттарына, Сақтандыру шартының қолданылу мерзіміне, тәуекел дәрежесіне, сақтандыру сомасына және сақтандыру тарифіне және т.б. сүйене отырып, Сақтандыру шартымен айқындалады, сақтандыру сыйлықақысының нақты мөлшері тараптардың келісімі бойынша Сақтандыру шартында айқындалады.
- 6.2. Сақтандыру сыйлықақысын төлеу Сақтандыру шартының талаптарына сәйкес біржолғы төлеммен немесе бөліп-бөліп төлеу арқылы жүргізіледі.
- 6.3. Егер Сақтандыру шартында/осы Ереженің қосымшаларында өзге жағдай ескертілмесе, оны 1 (бір) жылдан аз мерзімге жасасу кезінде сақтандыру сыйлықақысы жылдық сыйлықақыдан (бұл ретте толық емес ай толық болып есептеледі) мынадай мөлшерде белгіленеді:

Сақтандыру қорғанысының әрекет ету мерзімі	Жылдық сақтандыру сыйлықақысынан сақтандыру сыйлықақысының % мөлшері
1 ай	20
2 ай	30
3 ай	40
4 ай	50
5 ай	60
6 ай	70
7 ай	75
8 ай	80
9 ай	85
10 ай	90
11 ай	95

- 6.4. Егер сақтандыру сыйлықақысы немесе сақтандыру жарнасы сақтандыру сыйлықақысын бөліп төлеу кезінде мерзімінде төленбесе, онда Сақтандырушы сақтандыру сыйлықақысы төленбеген күннен бастап Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға құқылы. Егер сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру сыйлықақысы (бірінші сақтандыру жарнасы) әлі төленбесе, Сақтандырушы Сақтандыру шарты бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатылады және көрсетілген кезеңде болған сақтандыру жағдайлары бойынша жауапты болмайды. Бұл ретте Сақтандырушыны Сақтанушыға жазбаша хабардар ету талап етілмейді.
- 6.5. Сақтанушының сақтандыру сыйлықақысын (кезекті сақтандыру жарнасын) төлемеуіне байланысты Сақтандырушының Сақтандыру шартын бұзуы соңғысына сақтандыру сыйлықақысын (кезекті сақтандыру жарнасын) сақтандыру қорғанысы қолданылған кезең үшін төлеу міндетінен (кезекті сақтандыру жарнасынан) босатпайды және Сақтандырушы Сақтанушының алдындағы өз міндеттемелері бойынша жауап беруге тиіс еді.
- 6.6. Егер сақтандыру жағдайы сақтандыру сыйлықақысын бөліп төлеу кезінде кезекті сақтандыру жарнасын төлегенге дейін басталса, Сақтандырушы сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындау кезінде төленбеген сақтандыру жарнасының сомасын есепке алуға құқылы.

## **7. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАСУ ТӘРТІБІ**

- 7.1. Сақтандыру шарты Сақтандырушы белгілеген нысан бойынша Сақтанушының жазбаша немесе электрондық өтініші негізінде жасалады. Сақтанушының өтініші Сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылады. Көрсетілген өтінішті толтыру және Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын және оның басталуынан (сақтандыру тәуекелінен) болатын ықтимал шығындардың мөлшерін айқындау үшін елеулі маңызы бар, өзіне белгілі барлық мән-жайлар туралы хабарлауға міндетті.
- 7.2. Егер Сақтандыру шартында/осы Ереженің қосымшаларында өзге жағдай ескертілмесе, Сақтанушы Сақтандырушыға мынадай құжаттарды ұсынуға міндетті:
- 1) әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі;
  - 2) пайдаланушы сертификатының көшірмесі;
  - 3) әуе кемесін пайдалану құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері (әуе кемесін сатып алу-сату шарты, тендер өткізу туралы хаттама және т. б.);
  - 4) әуе кемесін мүліктік жалдауды, лизингті, алдын ала басқаруды, сондай-ақ өзге де пайдалануды растайтын құжаттардың көшірмелері;

- 5) әуе кемесіне меншік, мүліктік жалдау, лизинг, сенімгерлік басқару, сондай-ақ әуе кемесін өзге де пайдалануға құқығын растайтын құжаттарға қабылдау-тапсыру актісінің көшірмелері қоса беріледі;
  - 6) әуе кемесін меншікке сатып алуға, мүліктік жалдауға, лизингке, сенімгерлік басқаруға, сондай-ақ өзге де пайдалануға (азаматтық авиация ұйымдары, Қазақстан Республикасының резиденттері үшін) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Азаматтық авиация комитетінің рұқсаты;
  - 7) әуе кемесінің техникалық жай-күйін тексеру және жарамдылығын айқындау актісі;
  - 8) ұшуға жарамдылық сертификаты (әуе кемесін ұшуда пайдалану кезінде);
  - 9) әуе кемесінің үлгі сертификаты (аса жеңіл авиация әуе кемесі үшін дана сертификаты немесе үлгі сертификаты);
  - 10) ұшуға жарамдылық сертификаты;
  - 11) борттық журналдар (ұшақтың/ тікұшақтың бортжурналы, ұшақтың/ тікұшақтың санитариялық борт журналы);
  - 12) борттық радиостанцияларға лицензия;
  - 13) ұшуды пайдалану жөніндегі басшылық;
  - 14) пайдаланушының ұшуды жүргізу жөніндегі басшылығы;
  - 15) ұшуды орындау үшін қажетті Қазақстан Республикасы заңнамасының және Халықаралық Азаматтық авиация ұйымының талаптарында көзделген аэронавигациялық және басқа да құжаттар.
- 7.3. Сақтандыру шартын жасасу үшін Сақтандырушы сақтандыру тәуекелінің дәрежесін сипаттайтын қосымша құжаттарды сұратуы мүмкін.
- 7.4. Қажет болған жағдайда Сақтанушы Қазақстан Республикасының Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнамасын сақтауды сақтау мақсатында Сақтандырушы сұрататын барлық қажетті құжаттарды ұсынуға міндеттенеді.
- 7.5. Сақтандыру шартын жасасу, сақтандыру талаптарын өзгерту кезінде Сақтанушы әуе көлігін қарап тексеру үшін ұсынуға міндетті. Сақтандыру шартын жасасу кезінде зақымданған әуе көлігінің бөлшектері (тораптар, агрегаттар) үшін Сақтандырушы жауапты болмайды.
- 7.6. Сақтандыру шарты Сақтандырушы белгілеген жазбаша немесе электрондық нысанда, Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бірден бірдей күші бар екі данада жасалады, оған тараптардың өкілетті өкілдері қол қояды және мөрлермен расталады (болған жағдайда).
- 7.7. Сақтандыру туралы өтініште және Сақтандыру шартында және (немесе) сақтандыру сыйлықақысын төлеуде Сақтанушы өзінің келісімін растайды және компанияның «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының №94-V Заңына сәйкес өзінің дербес деректерін жинауды, өңдеуді жүзеге асыруына рұқсат етеді, сондай-ақ ол жүзеге асыратын операция Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастырумен (жылыстатумен) және террористік әрекетті қаржыландырумен байланысты емес екенін растайды.
- 7.8. Сақтандырушы мен Сақтанушы Сақтандыру шартын жасасуға байланысты бір-бірінен алынған коммерциялық, техникалық, қаржылық және өзге де ақпаратты пайдалануда қатаң құпиялықты сақтауға міндетті. Мұндай ақпаратты жариялау немесе өзге де жария ету екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімімен ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

## **8. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ӘРЕКЕТ ЕТУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ОРНЫ**

- 8.1. Егер сақтандыру шартында/осы Ереженің қосымшасында өзге жағдай ескертілмесе, сақтандыру шарты 12 (он екі) айға жасалады және Қазақстан Республикасының аумағында қолданылады.
- 8.2. Сақтандыру қорғанысының қолданылуы Сақтандырушының банктік шотына немесе оның кассасына сақтандыру сыйлықақысы (бірінші сақтандыру жарнасы) түскен күннен кейінгі күннің 00.00 сағатынан басталады.
- 8.3. 8-бөлімде көзделген жағдайлардан басқа, және егер сақтандыру шартында өзге жағдай көзделмесе, Сақтандыру шарты аяқталған күн ретінде Сақтандыру шартында көрсетілген күннің 24 сағат 00 минутында Сақтандыру шарты өз қолданысын тоқтатады.
- 8.4. Егер Сақтандыру шартында/осы Ереженің қосымшаларында өзге жағдай көзделмесе, сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңі Сақтандыру шартының қолданылу мерзімімен сәйкес келеді.
- 8.5. Егер сақтандырылған әуе кемесі Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі аяқталған сәтте объективті себептер бойынша рейсте, қосалқы әуеайлақта болса немесе апатқа ұшыраса, Сақтандыру шарты соңғы рейстің межелі пунктіне келгенге дейін ұзартылған болып есептеледі. Бұл жағдайда Сақтанушы Сақтандыру шартын ұзарту мерзіміне бара-бар сақтандыру сыйлықақысын төлеуге тиіс.
- 8.6. Сақтандырушы алдын ала сақтандыру қорғанысын берген жағдайда, Сақтанушы Сақтандырушы көрсеткен мерзімде сақтандыру сыйлықақысын төлеген жағдайда, Сақтандыру шарты осындай қорғанысты ұсыну туралы оның жазбаша растамасында көрсетілген күннен бастап күшіне енеді.
- 8.7. Тараптардың келісімі бойынша Сақтандыру шарты Сақтандыру шарты тоқтатылатын және сақтандыру сыйлықақысы төленетін күнге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын Тараптардың біріне хабарланған жағдайда, Сақтандыру шарты келесі мерзімге ұзартылуы мүмкін.

## **9. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

### **9.1. Сақтандырушы құқылы:**

- 1) Сақтанушы ұсынған ақпарат пен құжаттарды, сондай-ақ Сақтанушының Сақтандыру шартының талаптары мен талаптарын орындауын тексеруге;
- 2) Егер Сақтандыру шартының қолданылуы ішінде сақтандыру жағдайының басталу тәуекелін арттыратын өзгерістер болса, Сақтандыру шартының қолданылуын тоқтата тұруға және өскен сақтандыру тәуекелін ескере отырып, сақтандыру сыйлықақысын қайта есептеуді және төлеуді талап етуге құқылы;
- 3) Сақтанушы өзіне белгілі болған, Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы елеулі өзгерістер туралы Сақтандырушыға хабарлау міндетін орындамаған кезде, Сақтандыру шартын бұзуды талап етуге міндетті, егер бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін болса не Сақтанушы Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуге немесе тәуекел дәрежесінің ұлғаюына мөлшерлес сақтандыру сыйлықақысын қосымша төлеуге қарсылық білдірсе;
- 4) Сақтандыру шартын жасасу кезінде әуе кемесін, сақтандыруға қатысы бар қосалқы бөлшектерді, механикаландыру құралдары мен техникалық құрылғыларды тексеруге, қажетті құжаттаманы зерделеуге;
- 5) сақтандыру жағдайларын тексеруге қатысуға және Сақтандыру шартын орындауға байланысты өзге де жұмысты орындауға міндетті;
- 6) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның себептері мен мән-жайларын дербес анықтауға, оның ішінде тиісті мемлекеттік органдар мен



ұйымдардан олардың құзыретін негізге ала отырып, сақтандыру жағдайының басталу дерегін және келтірілген залалдың мөлшерін растайтын құжаттарды сұратуға;

- 7) сақтандыру жағдайының дерегін анықтау және залал мөлшерін айқындау мақсатында сақтандыру тергеуін жүргізу үшін сюрвейер (сарапшы) тағайындауға;
- 8) Сақтандыру шартында/ осы Ереженің қосымшаларында көзделген негіздер бойынша сақтандыру төлемін толық немесе ішінара жүзеге асырудан бас тартуға;
- 9) Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы сақтау мақсатында Сақтандыру шарты шеңберінде ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияларды жүргізуді тоқтата тұру/одан бас тартуға;
- 10) Сақтандыру шартына/ осы Ереженің қосымшаларына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де әрекеттерді жасауға.

#### 9.2. Сақтандырушы міндетті:

- 1) Сақтанушыны сақтандыру Ережелерімен таныстыруға және оның талабы бойынша сақтандыру Ережелерінің көшірмесін ұсынуға (жіберуге);
- 2) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;
- 3) сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандыру шартында немесе заңнамалық актілерде белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде сақтандыру төлемін жасауға;
- 4) Сақтанушыға оның сақтандыру жағдайы кезіндегі залалдарды азайту үшін жұмсаған шығыстарын өтеуге;
- 5) Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе жәбірленуші (Пайда алушы) не олардың өкілі сақтандыру төлемін жасау үшін қажетті барлық құжаттарды ұсынбаған жағдайда, оларды жетіспейтін құжаттар туралы Сақтандыру шартында белгіленген мерзімде хабардар етуге;
- 6) Сақтандыру шартына/ осы Ережелердің қосымшаларына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де әрекеттерді жасауға.

#### 9.3. Сақтанушы құқылы:

- 1) Сақтандырушыдан әуе көлігін сақтандыру талаптарын, Сақтандыру шарты бойынша өз құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;
- 2) сақтандыру жағдайы басталғанға дейін Сақтандыру шартында аталған Пайда алушыны бұл туралы Сақтандырушыны жазбаша хабардар ете отырып, басқа адаммен ауыстыруға құқылы. Пайда алушыны оның Сақтанушымен келісімінен туындайтын Сақтандыру шарты бойынша белгілі бір міндеттерді орындағаннан немесе Сақтандырушыға сақтандыру төлемін жасау жөнінде талап қойғаннан кейін басқа тұлға алмастыра алмайды;
- 3) қосымша сақтандыру сыйлықақысын енгізу шартымен Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтандыру құны ұлғайған жағдайда сақтандыру сомасын ұлғайтуға;
- 4) әуе кемесінің жалпы сақтандыру құны сақталған жағдайда немесе Сақтандыру шартында белгіленген осындай агрегаттарға қатысты пайыздық бөлу сақталған кезде әуе кемесінің агрегаттарын типі мен мақсаты бойынша ұқсас агрегаттарға ауыстыруға (Сақтандырушыны алдын ала хабардар етпей және қолданыстағы Сақтандыру шартына өзгерістер енгізбей);

- 5) қосымша әуе кемелерін оның қолданылу мерзімі ішінде қолданыстағы Сақтандыру шартының талаптарымен сақтандыруға немесе қолданыстағы Сақтандыру шартынан «Қосымша әуе кемелерін сақтандыру және әуе кемелерін әуе кемесін сақтандыру шартынан шығару туралы ереже»-AVN.17A (№5 қосымша) сәйкес жекелеген әуе кемелерін алып тастауға құқығы бар, егер осы Ережені қолдану Сақтандыру шартымен тікелей көзделсе;
- 6) Сақтандырушының сақтандыру төлемін жасаудан немесе оның мөлшерін азайтудан бас тартуына сотқа шағым жасауға.
- 7) Сақтандыру шартына/ осы Ереженің қосымшаларына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де әрекеттерді жасауға.

#### 9.4. Сақтанушы міндетті:

- 1) Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде сақтандыру сыйлықақыларын төлеуге;
- 2) Сақтандыру шартын жасасу кезінде және оның қолданылу кезеңінде сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын бағалау және одан (сақтандыру тәуекелінен) залал келтіру үшін мәні бар, өзіне белгілі барлық мән-жайлар туралы Сақтандырушыға хабарлауға және Сақтандырушы сұрайтын құжаттарды (сақтандыру объектісі туралы, сақтандыру сомаларының экономикалық негіздемесі және басқа да қаржылық және техникалық-экономикалық мәліметтер) беруге;
- 3) Сақтандыру шартын жасасу кезінде және оның қолданылу кезеңінде сақтандырылған әуе кемесіне, қосалқы бөлшектерге немесе оның жекелеген агрегаттарына, механикаландыру құралдары мен техникалық құрылғыларға қатысты ұқсас тәуекелдер бойынша барлық қолданыстағы/жасалатын Сақтандыру шарттары туралы Сақтандырушыға хабарлауға;
- 4) Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы өзіне белгілі болған елеулі өзгерістер туралы, Сақтандырушыға дереу, бірақ 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлауға, егер бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін болса;
- 5) ол заңды тұлға ретінде қайта ұйымдастырылған, сақтандырылған әуе кемесі жоғалған немесе мүліктік жалдауға берілген жағдайда, бұл туралы Сақтандырушыға хабарлауға;
- 6) Сақтандырушының өкілдеріне олардың Сақтандыру шартын жасасуға және оны қолданылу кезеңінде сүйемелдеуге байланысты іс-шараларды жүргізуі үшін қажетті жағдайлар жасауға;
- 7) Сақтанушы навигацияға және әуе кемелерінің ұшуға дайындығына қатысты және әуе кемесін қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ететін құзыретті органдар шығаратын барлық талаптар мен нұсқауларды орындауға тиіс. Сақтанушы келесілерге кепілдік беруі керек:
  - әуе кемесі ұшуды жүзеге асыру алдында тікелей ұшуға жарамды болып табылады;
  - әуе кемесіне қатысты барлық формулярлар мен басқа да құжаттар, олардың болуы ресми талаптарға сәйкес міндетті түрде уақытында толтырылуы, жаңартылуы және Сақтандырушыға бірінші талап бойынша ұсынылуы тиіс;
  - Сақтанушының қызметкерлері барлық осындай талаптар мен нұсқауларды орындауы керек.

- 8) Сақтандырушыға Сақтандыру шартын жасасуға және оның қолданылу мерзімі ішінде оны орындауға байланысты іс-шаралар (әуе кемесін, қосалқы бөлшектерді, әуе кемесінің агрегаттарын, оған техникалық қызмет көрсету және пайдалану шарттарын қарап-тексеру, оларға сараптама жүргізу, сақтандыру жағдайларын тергеп-тексеруге қатысу және т.б.) жүргізу үшін қажетті жағдайлар жасауға;
  - 9) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға талап қою құқығының ауысуын қамтамасыз етуге;
  - 10) Сақтандырушы сұратқан Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындау үшін қажетті барлық құжаттар мен мәліметтерді ұсынуға;
  - 11) Сақтандыру шартына/ осы Ереженің қосымшаларына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де әрекеттерді жасауға.
- 9.5. Сақтандыру шартымен / осы Ережелерге жасалған қосымшалармен тараптардың өзге құқықтары мен міндеттері көзделуі мүмкін.
- 9.6. **Сақтандыру жағдайы орын алғанда Сақтанушының міндеттері.**
- Сақтанушы / әуе кемесі экипажының мүшелері сақтандыру жағдайының басталғаны туралы өзіне белгілі болғаннан кейін (сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соғуы мүмкін оқиға) міндетті:
- 1) ықтимал залалдарды болғызбау немесе азайту үшін қалыптасқан мән-жайларда ақылға қонымды және қолжетімді шараларды, оның ішінде әуе көлігін құтқару және сақтау шараларын қабылдауға;
  - 2) өз құзыретіне қарай тиісті органдар мен ұйымдарға (ішкі істер органдарының бөлімшелері, өртке қарсы қызмет органдары, апаттық қызметтер, төтенше жағдайлар жөніндегі агенттік) оқиғаның басталғаны туралы дереу хабарлауға; уәкілетті мемлекеттік және өзге де құзыретті органдардың оқиғаның Құжаттамалық ресімделуін қамтамасыз етуге;
  - 3) дереу, бірақ кез келген жағдайда 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, сақтандыру жағдайы туралы Сақтандырушыға жазбаша нысанда хабарлауға;
  - 4) зардап шеккен әуе көлігін (егер бұл қауіпсіздік мүдделеріне қайшы келмесе немесе залалдың ұлғаюына әкелмесе) оны Сақтандырушының өкілі зақымданған/ жойылған сәтте болған күйінде қарап тексергенге дейін сақтауға;
  - 5) Сақтандырушының өкіліне бүлінген әуе көлігін кедергісіз қарап-тексеру, әуе көлігінің шығындарын азайту және құтқару жөніндегі іс-шараларға қатысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге;
  - 6) Сақтандырушының өкіліне сақтандыру жағдайының басталу себептері мен мән-жайларын анықтауға жәрдемдесуге, оның ішінде Сақтандырушыға оған қолжетімді барлық ақпарат пен құжаттаманы, оның ішінде сақтандыру жағдайының себептері, барысы мен салдары, келтірілген залалдың сипаты мен мөлшері туралы бағалауға мүмкіндік беретін коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтерді беруге, оның ішінде Сақтандырушы өкілінің авиациялық оқиғаларды тексеру жөніндегі комиссияның отырыстарына қатысуын қамтамасыз етуге;
  - 7) зардап шегуші болып табылмайтын үшінші тұлғалардан сақтандыру жағдайының нәтижесінде келтірілген залалдардың қандай да бір өтемін (өтемақысын) алғаны туралы Сақтандырушыны дереу жазбаша хабардар етуге;
  - 8) егер Сақтандырушы сақтандыру жағдайының басталуына байланысты Сақтандырушының да, Сақтанушының да мүдделерін қорғау үшін өз өкілін

тағайындауды қажет деп тапқан жағдайда - Сақтандырушы көрсеткен тұлғаларға сенімхат немесе осындай мүдделерді қорғау үшін өзге де қажетті құжаттарды беруге міндетті. Сақтандырушы сақтандыру жағдайының басталуына байланысты Сақтанушының мүдделерін сотта білдіруге немесе өзге түрде Сақтанушыны құқықтық қорғауды жүзеге асыруға құқылы, бірақ міндетті емес;

- 9) бүлінген әуе кемесін, қосалқы бөлшектерді және/немесе агрегаттарды, механикаландыру құралдары мен техникалық құрылғыларды қалпына келтіру жөніндегі барлық іс-шараларды Сақтандырушымен келісуге міндетті;
  - 10) сақтандыру жағдайының басталуын, сондай-ақ оларға келтірілген залалдарды дәлелдеу ауыртпалығын көтеруге, оның ішінде сараптама жүргізуге ақы төлеуге, сарапшылардың оқиға орнына шығуына, мамандардың тартылуына және кеңес беруіне, қажетті құжаттарды жинауға және т.б.;
  - 11) Сақтандырушыға барлық құжаттар мен дәлелдемелерді беруге және оған келтірілген залал үшін жауапты тұлғаға өзіне ауысқан Сақтандырушының кері талап қою құқығын жүзеге асыруы үшін қажетті барлық мәліметтерді хабарлауға;
  - 12) Сақтандыру шартында/ осы Ережелердің қосымшаларында және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де әрекеттерді орындауға.
- 9.7. Егер Сақтанушы осы баптың 9.6-тармағында көрсетілген міндеттемелерді орындамаса Сақтандырушының оған залалды өтеуден бас тартуға құқығы бар. Егер жоғалған (ұрланған) мүлік туралы құзыретті органдарға мәлімделмесе немесе уақытылы мәлімделмесе, онда Сақтандырушы сақтандыру төлемін жасау жөніндегі міндеттен тек осы мүлікке қатысты бөлігінде ғана босатылады.
- 9.8. Егер Сақтанушы сақтандырылмаған болса, Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарлау және ықтимал шығындарды оның ішінде сақтандырылған мүлікті құтқару және сақтау шараларын болдырмау немесе азайту үшін қалыптасқан жағдайларда ақылға қонымды және қолжетімді шараларды қабылдау міндеті сақтандырылушыға жүктеледі.. Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы белгіленген мерзімде хабардар етпеу оған сақтандыру төлемінен бас тарту құқығын береді.
- 9.9. **Пайда алушы құқылы:**
- 1) Сақтандырушыдан сақтандыру шарттарын, Сақтандыру шарты бойынша өз құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;
  - 2) Сақтандыру шартын жасасу кезінде және оның қолданылу кезеңінде осы сақтандыру объектісіне қатысты ұқсас тәуекелдер бойынша барлық қолданыстағы/жасалатын Сақтандыру шарттары туралы Сақтандырушыға хабарлауға;
  - 3) Сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талап қоюға;
  - 4) Сақтандыру шартында көзделген тәртіппен және талаптармен сақтандыру төлемін алуға;
  - 5) Сақтандырушының сақтандыру төлемін жасаудан немесе оның мөлшерін азайтудан бас тартуына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен дау айтуға;
  - 6) осы Ережелерге, осы Ережелердің/ Сақтандыру шартының қосымшаларына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де іс-әрекеттерді жасауға.

- 9.10. Егер Сақтандыру шартында/осы Ереженің қосымшаларында өзге жағдай көзделмесе, Тараптардың бір-біріне Сақтандыру шартын орындау жөнінде немесе соған байланысты жіберген барлық хабарлаулары, хабарламалары, ұсыныстары жазбаша нысанда орындалуға тиіс және егер олар сақтандыру шартында көрсетілген деректемелер бойынша курьермен, хабарламасы бар хатпен, факспен, жеделхатпен немесе экспресс-поштамен жіберілсе тиісті нысанда берілген болып есептеледі.
- 9.11. Осы бөлімде көзделген Тараптардың құқықтары мен міндеттері толық болып табылмайды. Тараптар Ережелердің өзге тармақтарында, Сақтандыру шартының талаптарында және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген құқықтарға ие болады және міндеттерді атқарады.
- 9.12. Тараптардың құқықтары мен міндеттерінің тізбесі Сақтандыру шартымен/ осы Ереженің қосымшаларымен өзгертілуі/ қысқартылуы / толықтырылуы мүмкін.

## **10. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ӘРЕКЕТ ЕТУ МЕРЗІМІНДЕ САҚТАНДЫРУ ТӘУЕКЕЛІН АРТТЫРУ САЛДАРЫ**

- 10.1. Сақтанушы Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде болған, сақтандыруға қабылданған сақтандыру тәуекеліндегі өзіне белгілі барлық елеулі өзгерістер туралы, тіпті сақтандыру тәуекелінің мұндай өзгеруі Сақтанушының еркімен болмаса да, Сақтандырушыға дереу хабарлауға міндетті.
- 10.2. Сақтандыру тәуекелінде оның орын алуынан сақтандыру жағдайының орын алу ықтималдығын және мүмкін болатын шығындар мөлшерін анықтау үшін маңызы бар, және олар Сақтандыру шартын жасасу кезінде болған жағдайда Сақтандырушының Сақтандыру шартын жасасу туралы шешіміне немесе Сақтандыру шартының нақты ережелеріне әсер етуі мүмкін, сақтандыру объектісіндегі немесе сақтандыру объектісімен байланысты өзгерістер елеулі өзгерістер деп танылады.
- 10.3. Егер Сақтанушы сақтандыру тәуекелінде болған өзгерістердің елеулі болып табылатындығына күмәнданса, ол осы өзгерістер туралы Сақтандырушыға хабарлауға міндетті.
- 10.4. Жалпы жағдайда Сақтанушы Сақтандыру шартын жасасу кезінде оның сақтандыру туралы өтінішінде және Сақтандыру шартында көрсеткен мәліметтердегі өзгерістер елеулі болып табылады.
- 10.5. Сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соғатын мән-жайлар туралы хабардар етілген Сақтандырушы қолданыстағы Сақтандыру шартының талаптарына өзгерістер енгізуді немесе сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына мөлшерлес қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге құқылы.
- 10.6. Егер Сақтанушы Сақтандыру шартының талаптарына өзгерістер енгізуге немесе қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуге қарсы болса, Сақтанушы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген ережелерге сәйкес Сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқылы.
- 10.7. Сақтанушы 9.4-тармақта көзделген міндеттерді орындамаған жағдайда Сақтандырушы (сақтандыру оқиғасы басталғанға дейін) Сақтандыру шартын бұзуды және Сақтандыру шартын бұзудан келтірілген залалдарды өтеуді талап етуге құқылы.
- 10.8. Егер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соқтыратын мән-жайлар жойылса, Сақтандырушының Сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқығы жоқ.

## **11. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖАСАУ ТУРАЛЫ ШЕШІМДІ ҚАБЫЛДАУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР**

- 11.1. Егер Сақтандыру шартында/ осы Ереженің қосымшаларында өзге жағдай көзделмесе, Сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талапты Сақтанушы (Пайда алушы) осы талапты негіздейтін құжаттарды қоса бере отырып, жазбаша нысанда ұсынады.
- 11.2. Егер Сақтандыру шартында / осы Ереженің қосымшасында өзге жағдай көзделмесе, сақтандыру төлеміне өтінішке мынадай құжаттар қоса берілуге тиіс:
- 1) сақтандыру жағдайы туралы өтініш;
  - 2) Сақтандыру шартының көшірмесі (оның телнұсқасы);
  - 3) әуе кемесін тіркеу туралы куәліктің көшірмесі;
  - 4) пайдаланушы сертификатының көшірмесі;
  - 5) әуе кемесін пайдалану құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері (әуе кемесін сатып алу-сату шарты, тендер өткізу туралы хаттама және т. б.);
  - 6) әуе кемесін мүлктік жалдауды, лизингті, сенімгерлік басқаруды, сондай-ақ өзге де пайдалануды растайтын құжаттардың көшірмелері;
  - 7) әуе кемесіне меншік, мүлктік жалдау, лизинг, сенімгерлік басқару, сондай-ақ әуе кемесін өзге де пайдалануға құқығын растайтын құжаттарға қабылдау-тапсыру актісінің көшірмелері;
  - 8) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Азаматтық авиация комитетінің әуе кемесін меншікке сатып алуға, мүлктік жалдауға, лизингке, сенімгерлік басқаруға, сондай-ақ өзге де пайдалануға (азаматтық авиация ұйымдары, Қазақстан Республикасының резиденттері үшін) рұқсаты;
  - 9) әуе кемесінің техникалық жай-күйін тексеру және жарамдылығын айқындау актісі;
  - 10) ұшуға жарамдылық сертификаты (әуе кемесін ұшуда пайдалану кезінде);
  - 11) әуе кемесінің үлгі сертификаты (аса жеңіл авиация әуе кемесі үшін түпнұсқа сертификаты немесе үлгі сертификаты);
  - 12) ұшуға жарамдылық сертификаты;
  - 13) борт журналдары (ұшақтың/тікұшақтың бортжурналы, ұшақтың/ тікұшақтың санитариялық борт журналы);
  - 14) борттық радиостанцияларға берілген лицензия;
  - 15) ұшуды пайдалану жөніндегі басшылық;
  - 16) пайдаланушының ұшуды жүргізу жөніндегі басшылығы;
  - 17) ұшуды орындау үшін қажетті Қазақстан Республикасы заңнамасының және Халықаралық Азаматтық авиация ұйымының талаптарында көзделген аэронавигациялық және басқа да құжаттар;
  - 18) құзыретті органдардың берген сәйкес құжаттарының түпнұсқалары немесе уәкілетті тұлғалармен куәландырылған көшірмелері:
    - авиациялық инцидент кезінде – авиациялық инциденттерді тексеруді, жіктеуді және есепке алуды жүзеге асыратын немесе сақтандыру жағдайының басталу дерегін растайтын комиссиялардың, өзге құзыретті органдардың/тұлғалардың актілері/қорытындылары;
    - авиациялық оқиға кезінде – ведомстводан тыс мемлекеттік комиссияның қорытындысы; комиссиялардың, өзге де құзыретті органдардың/авиациялық оқиғаларды тергеп-тексеруді, сыныптауды және есепке алуды жүзеге асыратын не сақтандыру жағдайының басталу дерегін растайтын адамдардың актілері/қорытындылары;
    - Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттік бөлімшелерінің, мемлекеттік комиссиялардың, Сақтандыру шартында сақтандыру жағдайлары ретінде қаралатын не сақтандыру жағдайының басталу дерегін растайтын оқиғаларды тергеп-тексеруді, сыныптауды және есепке

- алуды жүзеге асыратын өзге де құзыретті органдардың актілері, қорытындылары, өзге де құжаттары;
- үшінші тұлғалардың құқыққа қайшы әрекеттері кезінде – прокуратура, тергеу, анықтау органдарының, сот органдарының, өрт қадағалау органдарының құжаттары (қылмыстық істің қозғалысы туралы қаулылар (қозғау туралы, қозғаудан бас тарту туралы, тоқтата тұру, тоқтату туралы), оқиға болған жерді қарап тексеру хаттамасы, айыпталушы ретінде тарту туралы қаулылар, сот үкімі), сақтандыру жағдайлары ретінде Сақтандыру шартында қаралатын оқиғаларды тергеп-тексеруді, сыныптауды және есепке алуды жүзеге асыратын не сақтандыру жағдайының басталу дерегін растайтын уәкілетті органдар (комиссиялар) жасаған өзге де құжаттар;
- 19) тиісті рұқсаты бар тәуелсіз бағалаушы жүргізген әуе көлігіне келтірілген залалдың сомасын айқындау жөніндегі сараптамалық бағалау актісі;
  - 20) Сақтандырушының келтірілген залал үшін жауапты тұлғаға талап қою құқығын жүзеге асыруы үшін қажетті құжаттар;
  - 21) Сақтанушының Сақтандыру шарты бойынша өтелетін шығыстарын растайтын құжаттар.
- 11.3. Ұсынылған құжаттарды жасаудың тәртібі мен нысаны Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес келуге тиіс, егер олар үшін бұл көзделген болса. Егер Сақтандыру шартында / осы Ереженің қосымшаларында өзге жағдай көзделмесе, құжаттар Сақтандырушыға түпнұсқада не нотариалды куәландырылған немесе түпнұсқа мөрмен расталған және құзыретті ұйымның уәкілетті тұлғасы қол қойған көшірме түрінде ұсынылады.
- 11.4. Сақтандырушы Сақтанушының/Пайда алушының талабы бойынша сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдағаннан кейін құжаттардың түпнұсқалары қарапайым не уәкілетті адам куәландырған көшірмелерді (Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын негізге ала отырып, Сақтандырушының шешімі бойынша) ұсынған жағдайда тиісті тұлғаға қайтарылуы мүмкін.
- 11.5. Құжаттарды жинау ауыртпалығы Сақтанушыға жүктеледі.
- 11.6. Құжаттардың нақты тізбесі Сақтандыру шартымен айқындалады .

## **12. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖАСАУ ТӘРТІБІ МЕН ЕРЕЖЕСІ**

- 12.1. Сақтандырушы сақтандыру төлемін жасау туралы немесе сақтандыру төлемін жасаудан бас тарту туралы шешімді сақтандыру жағдайының басталуын, оның басталу себептерін және алушының сақтандыру төлеміне құқығын растайтын қажетті құжаттардың соңғысы ұсынылған және тиісті сақтандыру актісі бекітілген кезден бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылдайды, егер Сақтандыру шартында/ осы Ережеге қосымшада өзге жағдай тікелей айтылмаса.
- 12.2. Сақтандырушы Сақтанушыға және Пайда алушыға барлық қажетті құжаттарды алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемінен жазбаша дәлелді бас тартуды жіберуге міндетті, егер Сақтандыру шартында/ осы Ереженің қосымшаларында өзге мерзім белгіленбесе.
- 12.3. Қажет болған жағдайда Сақтандырушы сақтандыру жағдайына байланысты мәліметтерді құқық қорғау органдарынан, медициналық мекемелерден және сақтандыру жағдайының мән-жайлары туралы ақпараты бар басқа кәсіпорындардан, мекемелер мен ұйымдардан сұратады, сондай-ақ

- сақтандыру жағдайының себептері мен мән-жайларын дербес анықтауға және залалдың нақты мөлшерін анықтау үшін тәуелсіз сарапшыны тартуға құқылы.
- 12.4. Бір себеппен болған бірнеше шығындар бір сақтандыру жағдайы ретінде қарастырылады.
  - 12.5. Сақтандыру жағдайы басталғанға дейін орын алған әуе көлігінің есептелген амортизациясын (тозуын) шегере отырып, бүлінген әуе көлігін қалпына келтіру құнының есебін негізге ала отырып, әуе көлігін зақымдау тәуекелі бойынша залал мөлшері есептеледі.
  - 12.6. Сақтандыру төлемі сақтандыру жағдайы кезінде Сақтанушының тоқтап қалған әуе кемесіне тікелей залал мөлшерінен аспауға тиіс, егер Сақтандыру шартында/осы Ереженің қосымшаларында белгілі бір сомада сақтандыру төлемі көзделмесе.
  - 12.7. Бір немесе бірнеше сақтандыру жағдайлары басталған кезде сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасымен шектеледі.
  - 12.8. Сақтандыру төлемі Сақтандыру шартында белгіленген франшиза шамасына азайтылады.
  - 12.9. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасы Сақтандыру шарты жасалған күнгі сақтандырылған объектінің нарықтық құнынан аз болған жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру төлемін Сақтандыру шартында айқындалған сақтандыру сомасының сақтандыру объектісінің нарықтық құнына арақатынасына пропорционалды түрде жасайды.
  - 12.10. Сақтандырушының өз таңдауы бойынша сақтандыру төлемін жасауға, әуе кемесін не оның бір бөлігін немесе агрегатын ауыстыруға немесе жөндеуге құқығы бар. Сақтандырушы өз қалауы бойынша ақшаны төлеудің орнына әуе кемесін ауыстыру арқылы залалды заттай нысанда өтейтін жағдайда, ауыстыру үшін ұсынылатын әуе кемесі сақтандыру жағдайы басталғанға дейін сақтандырылған кеме сәйкес келген үлгі мен модельде болуға және шамамен сол жағдайда болуға тиіс, егер Сақтанушымен жеке келісімде өзге жағдай көзделмесе. Бұл ретте сақтандыру төлемі жасалғаннан кейін Сақтандырушы барлық тіркеу құжаттарымен және иелену құқығына арналған құжаттармен бірге есептен шығарылған әуе кемесінің немесе оның кез келген агрегаттарының (бөліктерінің) меншік иесі болады.
  - 12.11. Егер Сақтандыру шартында / осы Ереженің қосымшасында өзге жағдай көзделмесе, сақтандыру төлемі келесідей жасалады:
    - 1) сақтандырылған әуе кемесі толық опат болған (хабар-ошарсыз кеткен жағдайда) кезде – сақтандыру сомасының 100% мөлшерінде не Сақтанушыға осы баптың 6.10-тармақтарының талаптарын ескере отырып, ауыстыруға басқа әуе кемесін береді;
    - 2) сақтандырылған әуе кемесі конструктивтік тұрғыдан опат болған жағдайда Сақтандырушы өз таңдауы бойынша не сақтандыру сомасы мөлшерінде сақтандыру төлемін жасайды және бүлінген әуе кемесінің қалдықтарын өткізуден түскен түсімді алу құқығын алады не сақтандыру сомасы мен әуе кемесі қалдықтарының құны арасындағы айырманы төлейді;
    - 3) әуе кемесі зақымданған кезде, сақтандыру сомасының 75% аспайтын залалдар өтелуге жатады, егер Сақтандыру шартында өзге мөлшер көзделмесе, бұл ретте:
      - қауіпсіздік мүддесінде қажет болған, әуе кемесінің одан әрі зақымдануын болдырмау үшін немесе тиісті басқару органдары шығарған бұйрықтарды орындауға мәжбүр болған жағдайларды қоспағанда, бөлшектеу, тасымалдау немесе жөндеу бойынша



ешқандай жұмыстар Сақтандырушының мақұлдауынсыз басталмауы тиіс;

- сақтандыру төлемінің шамасы Сақтандыру шарты жасалған кездегі қалпына келтіру жөндеу құнының негізінде және Сақтандыру шартында белгіленген әуе кемесінің элементтері бойынша сақтандыру сомасының пайыздық бөлінуіне сәйкес айқындалады.
- Егер Сақтандырушымен алдын ала өзге жағдай келісілмесе, Сақтандырушы неғұрлым үнемді тәсілмен орындалған және пайдаланылған жөндеу мен тасымалдау, жұмыстар мен материалдар үшін ақы төлеуге кепілдік береді;
- егер сақтандыру жағдайы бойынша әуе кемесін жөндеу сақтандыру жағдайымен байланысты емес қандай да бір жоспарлы жөндеумен сәйкес келсе, онда Сақтандырушы шығыстарды жоспарлы жөндеу құнының артуы бөлігінде өтейді.

12.12. Егер Сақтандыру шартымен / осы Ережелерге жасалған Қосымшалармен өзге жағдай көзделмесе, Сақтандырушы сақтандыру төлемін толық жасағанда немесе әуе кемесін ауыстырғанда:

- 1) Сақтандырушы меншік құқығын куәландыратын (оның ішінде тіркеу) барлық құжаттарды табыстаумен осы әуе кемесінің (немесе оның бөлшектері мен агрегаттарының) меншік иесінің құқығын алады;
- 2) Сақтандыру төлемінің толық сомасы төленген әуе кемесіне қатысты Сақтандыру шарты тоқтатылады.

12.13. Сақтандыру шартымен келесілер өтелуі мүмкін:

- 1) сақтандыру сомасының 5% аспайтын мөлшерінде:
  - зақымдалған кеменің қауіпсіздігі мен сақталуын қамтамасыз ету бойынша шығындар;
  - сақтандыру жағдайы бойынша залалды азайту жөніндегі жұмыстарды жүргізуге арналған шығыстар (сот шығыстарды қоса алғанда);
  - зақымдалған әуе кемесінің орналасқан жеріне жұмысшыларды, материалдарды, қосалқы бөлшектер мен агрегаттарды жеткізу шығындары;
  - ұшу мүмкін болмаған жағдайда әуе кемесін бөлшектеу бойынша шығындар;
  - әуе кемесін базалық (оқиға орнына жақын) әуеайлаққа немесе жөндеу кәсіпорнына қайтару бойынша ақылға қонымды шығындар;
- 2) сақтандыру сомасының 10% аспайтын мөлшерде – әуе кемесін құтқару бойынша мақсатты шығындар.

12.14. Қосарланған мүліктік сақтандыру (бір ғана сақтандыру объектісін бірнеше Сақтандырушыда әрқайсысымен дербес шарттар бойынша сақтандыру) кезінде әрбір Сақтандырушы Сақтанушының алдында онымен жасалған шарт шегінде жауап береді, алайда Сақтанушы барлық Сақтандырушылардан алған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы нақты залалдан аспауы керек.

12.15. Пайдасына әуе кемесін Сақтандыру шарты жасалған Пайда алушылардың санына қарамастан, сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасымен шектеледі.

12.16. Сақтандыру төлемі Сақтанушы (Пайда алушы) үшін ыңғайлы, заңға қайшы келмейтін нұсқаларда Сақтанушы сақтандыру төлемін жасау туралы шешімді немесе Сақтандырушының сақтандыру төлемін жасау міндеттемесін белгілеу туралы сот шешімін қабылдаған күннен бастап 60 (алпыс) жұмыс күні ішінде жасалады.

12.17. Келтірілген зиянды үшінші тұлғалар өтеген жағдайларда, Сақтандырушы Сақтандыру шарты бойынша өтелуге тиіс сома мен үшінші тұлғалар өтейтін

- сома арасындағы айырманы ғана төлейді. Сақтанушы мұндай өтемақыларды алғаны туралы Сақтандырушыға дереу хабарлауға міндетті.
- 12.18. Егер сақтандыру төлемі жасалғаннан кейін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес немесе осы Ереже бойынша немесе Сақтандыру шарты бойынша Сақтанушыны сақтандыру төлемін алу құқығынан айыратын мән-жайлар анықталса, ол Сақтандыру шарты бойынша алған сақтандыру төлемінің сомасын Сақтандырушыға қайтаруға міндетті.
- 12.19. Егер жоғалту/жоғалу тәуекелі бойынша сақтандыру төлемін жасағаннан кейін сақтандырылған объект табылса, Сақтанушы / Пайда алушы міндетті:
- 1) Бұл туралы Сақтандырушыға дереу хабарлауға;
  - 2) Егер әуе кемесі зақымданған жағдайда басталған сақтандыру жағдайына қатысты барлық іс-әрекеттерді жасауға және Сақтандыру шартында көзделген құжаттарды ұсынуға; Сақтандырушы Сақтанушыға/Пайда алушыға сақтандыру жағдайы туралы шешімді және артық төленген сақтандыру төлемін қайтару туралы талапты бергеннен кейін Сақтандырушыға сақтандыру төлемінің тиісті бөлігін дереу қайтаруға;
  - 3) әуе кемесі зақымданған жағдайда Сақтандырушыға сақтандыру төлемін дереу қайтаруға міндетті.
- 12.20. Сақтандыру төлемін жасау тәртібі мен ережесі Сақтандыру шартымен/ осы Ережелерге жасалған қосымшалармен өзгертілуі/толықтырылуы мүмкін.
- 12.21. Сақтандыру жағдайларын қарау тәртібі Сақтандырушы, Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) мен дерекқорын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым арасында электрондық ақпараттық ресурстарды алмасу арқылы жазбаша нысанда да, электрондық нысанда да жүзеге асырылады.
- 12.22. Дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым мен Сақтандырушы, Сақтандырушы мен Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) арасындағы электрондық ақпараттық ресурстарды алмасу тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

### **13. САҚТАНДЫРУШЫНЫҢ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕНІ ҚАРАУЫ**

- 13.1 Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) сақтандыру жағдайының басталу фактісін және келтірілген залалдың мөлшерін растау үшін ұсынған құжаттарды қарау нәтижелері бойынша Сақтандырушы мынадай әрекеттердің бірін жүзеге асырады:
- 1) сақтандыру төлемін жүзеге асырады.
  - 2) сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартады
  - 3) сақтандыру төлемін жүзеге асырудың мүмкін еместігі немесе жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.
- 13.2 Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырады немесе осы Ережелерде көрсетілген шарттарда тәртіппен сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартады.
- 13.3 Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудың мүмкін еместігі немесе жүзеге асырудан бас тарту туралы шешімі, егер ұсынылған құжаттардан болған оқиғаның мән-жайын, осындай оқиғаның басталуы нәтижесінде келтірілген залалдың мөлшерін, Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) өз міндеттемелерін орындауын анықтау мүмкін болмаған жағдайда қабылданады.
- 13.4 Өз кезегінде Сақтандырушының шешімінде көрсетілген мән-жайларды анықтау мүмкін еместігі Сақтандырушыға Сақтандыру ережелерінің нормаларын, Сақтандыру шартының талаптарын/осы Ережелерге

қосымшаларды ескере отырып, сақтандыру төлемін жүзеге асыру не жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім қабылдауға мүмкіндік бермейді.

- 13.5 Бұл жағдайда Сақтандырушы өз шешімінде болған оқиғаның нақты қандай мән-жайларын және/немесе осындай оқиғаның басталуы нәтижесінде келтірілген залалдың мөлшерін, Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) өз міндеттемелерін орындау фактілерін белгілеуге болмайды және Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) қандай іс-әрекеттер жасауы тиіс екенін көрсетуге тиіс.
- 13.6 Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудың мүмкін еместігі немесе жүзеге асырудан бас тарту туралы шешімі Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) құжаттар топтамасын ұсынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жазбаша түрде ресімделеді.

#### **14. ҚОСАРЛЫ САҚТАНДЫРУ**

- 14.1 Сақтанушы Сақтандырушыда сақтандырылатын объектілерге қатысты басқа сақтандыру ұйымдарымен жасалған барлық Сақтандыру шарттары туралы сақтандырушыға хабарлауға міндетті.
- 14.2 Қосарланған сақтандыру кезінде Сақтандырушы Сақтанушының алдында онымен жасалған Сақтандыру шарты шегінде жауапты болады, алайда Сақтанушы барлық Сақтандырушылардан алған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы нақты залалдан аса алмайды.
- 14.3 Келтірілген залалды басқа Сақтандырушылар өтегендіктен сақтандыру төлемін жасаудан толық немесе ішінара босатылған Сақтандырушы Сақтанушыға келтірілген шығыстарды шегере отырып, сақтандыру сыйлықақыларының тиісті бөлігін қайтаруға міндетті.

#### **15. СУБРОГАЦИЯ**

- 15.1 Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін жасаған Сақтандырушыға Сақтанушының келтірілген зиян үшін жауапты тұлғаға қоятын кері талап қою құқығы төленген сома шегінде ауысады. Сақтанушы сақтандыру төлемін алған кезде Сақтандырушыға Сақтандырушының өзіне өткен құқықты жүзеге асыруы үшін қажетті барлық құжаттарды және мәліметтерді хабарлауға және дәлелдерді ұсынуға міндетті.
- 15.2 Сақтанушы көрсетілген тұлғаға талап қоюдан немесе оған қойылатын талаптардың іске асырылуын қамтамасыз ететін құқықтардан бас тартқан кезде, сондай-ақ Сақтандырушыға талап қою үшін қажетті құжаттарды беруден бас тартқан кезде Сақтандырушы сақтандыру төлемін толық немесе тиісті бөлігінде жүзеге асырудан босатылады және артық төленген соманы қайтаруды талап етуге құқылы.
- 15.3
- 15.4 Сақтанушы азаматтық заңнамада белгіленген тәртіппен Сақтандырушыға келтірілген залал үшін жауапты тұлғаға сақтандыру төлемінің көлемінен тыс талап қою құқығын беруге.

#### **16. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНА ЕНГІЗІЛЕТІН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР**

- 16.1 Сақтандыру шартына өзгерістер мен толықтырулар енгізу Тараптардың өзара келісімі бойынша, Тараптардың бірінің жазбаша өтініші (хабарламасы) негізінде жүргізіледі.
- 16.2 Шарт талаптарына өзгерістер енгізу жағдайлары:
- сақтандыру объектісін өзгерту;

- сақтандыру шартын жасасу кезінде берілген мәліметтерді өзгерту;
  - сақтандыру қорғаудың қолданылу мерзімін өзгерту
  - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де жағдайлар
- 16.3 Тараптардың бірі өтініш алған сәттен бастап шешім қабылданған сәтке дейін Сақтандыру шарты бұрынғы талаптарда қолданылады.
- 16.4 Осы Ережеге сәйкес Сақтандыру шартына жасалатын өзгерістер мен толықтырулар Сақтандыру шартына қосымша келісім жасау және қол қою жолымен ресімделеді.
- 16.5 Сақтандыру шартына енгізілген барлық өзгерістер мен толықтырулар екі Тараптың уәкілетті өкілдері оларды жазбаша ресімдеген және қосымша келісімге қол қойған жағдайда заңды күшке ие болады.

## **17. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

- 17.1 Міндеттемелерді тоқтатудың жалпы негіздерінен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату негіздерінен басқа, егер сақтандыру шартында/осы Ереженің қосымшасында өзге жағдай көзделмесе сақтандыру шарты мынадай жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады:
- 1) Сақтандырушы Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасы мөлшерінде сақтандыру төлемін (сақтандыру төлемдерін) жасаған жағдайларда жүргізіледі. Егер бұл Сақтандыру шартында тікелей ескертілсе, Сақтандырушы бірінші сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемін жасаған кезде ол өз әрекетін тоқтатады;
  - 2) Сақтанушының сақтандыру сыйлықақысын бөліп төлеу кезінде кезекті сақтандыру жарнасын төлемеуі;
  - 3) Сақтанушы Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға хабарланған мән-жайларда Сақтандырушыға өзіне белгілі болған елеулі өзгерістер туралы хабарлау міндетін орындамаған жағдайда, егер бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін болса не Сақтанушы Сақтандыру шарты талаптарының өзгеруіне немесе сақтандыру сыйлықақысының қосымша ақысына тәуекел дәрежесінің барабар ұлғаюына қарсылық білдірсе;
  - 4) Сақтанушының бастамасы бойынша Сақтандыру шартынан бас тартса;
  - 5) Сақтандырушының бастамасы бойынша Сақтандыру шартынан бас тартса;
  - 6) Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе сақтандыру шартымен белгіленген жағдайларда.
- 17.2 Аталған жағдайларда Сақтандыру шарты Сақтандыру шартын тоқтату үшін негіз ретінде көзделген мән-жайлар туындаған кезден бастап тоқтатылған деп есептеледі, ол туралы мүдделі тарап басқасына дереу хабарлауы тиіс. сақтанушы осы тармақпен көзделген бұзу негіздері бойынша растаушы құжаттарды ұсынуға міндетті.
- 17.3 Сақтандыру шартын осы Ережелердің 17.1-тармағының 1) – 4 ) тармақшаларында аталған негіздер бойынша тоқтатқан кезде Сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақылары қайтарылмайды, егер Сақтандыру шартында/осы Ережелерге жасалған Қосымшаларда өзге жағдай көзделмесе.
- 17.4 Сақтандыру шартын осы Ережелердің 17.1-тармағының 5) – 6) тармақшаларында аталған негіздер бойынша тоқтатқан жағдайда Сақтандырушыға төленген сыйақылар: мөлшері сақтандыру сыйлықақысының жалпы сомасының 30 % құрайтын іс жүргізуге жұмсалған шығындарды шегере отырып, сақтандыру мерзімінің өтпеген бөлігіндегі сақтандыру

сыйлықақысының бөлігі Сақтандырушыға Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзу туралы өтініш берген күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде қайтарылады, егер Сақтандыру шартымен/ осы Ережелерге жасалған қосымшамен/ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамамен өзге жағдай көзделмесе. Сақтандыру шартымен/ осы Ережелерге жасалған қосымшамен Сақтандыру шартын тоқтатудың өзге тәртібі, мерзімі мен шарты белгіленуі мүмкін.

- 17.5 Сақтанушы-жеке тұлға Сақтандыру шартынан бас тартқан кезде, ол жасалған күннен бастап күнтізбелік он төрт күн ішінде Сақтандырушы алынған сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) бір бөлігін шегергенде сақтандыру қолданылған уақытқа және сақтандыру шартын бұзуға байланысты алынған сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) он пайызынан аспайтын шығындарға барабар көлемде Сақтанушы-жеке тұлғаға қайтаруға міндетті.
- 17.6 Сақтандыру шартының мерзімінен бұрын тоқтатылуы Сақтандырушының кінәсінен оның талаптарының орындалмауынан туындаған жағдайларда, соңғысы Сақтанушыға өзі төлеген сақтандыру сыйлықақысын не сақтандыру жарналарын толығымен қайтаруға міндетті.
- 17.7 Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Сақтандыру шартында/осы Ереженің қосымшасында өзге жағдай көзделмесе, Сақтандыру шарты тараптар шартты бұзу туралы келісімге (аддендум) қол қойған күннен бастап тоқтатылған болып есептеледі, бұл ретте Сақтанушы Сақтандырушыға шартты мерзімінен бұрын бұзу туралы жазбаша өтінішті мынадай құжаттарды қоса бере отырып беруге міндетті:
- 1) Сақтандыру шартының түпнұсқасы (Сақтандыру шартын қағаз тасығышта жасаған кезде);
  - 2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Сақтандырушының ішкі құжаттарына сәйкес Клиентке тиісті тексеру жүргізуге мүмкіндік беретін мәліметтер мен құжаттың көшірмесі;
  - 3) қайтарылуға жататын сыйлықақы сомасын есепке жатқызуға арналған банктік деректемелер қамтылуға тиіс.

## **18. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ**

- 18.1 Сақтандыру төлемі уақтылы жасалмаған кезде Сақтандырушы Пайда алушыға Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 353-бабында белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.
- 18.2 Сақтандыру шарты бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған тарап міндеттемелерді орындамағаны/тиісінше орындамағаны үшін мүліктік жауапты болмайды, егер тиісті түрде орындау еңсерілмейтін күш мән-жайларының, яғни төтенше және осы жағдайларда болмай қоймайтын салдарынан мүмкін болмағанын дәлелдесе.
- 18.3 Еңсерілмейтін күш мән-жайлары мыналарды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді: су тасқыны, өрт, жер сілкінісі және басқа да табиғи апаттар, кез-келген сипаттағы соғыс немесе соғыс қимылдары, блокадалар, мемлекеттік органдардың тыйымдары. Еңсерілмейтін күш мән-жайларының нақты тізбесі Сақтандыру шартында / осы Ережелерге қосымшада көзделуі мүмкін.
- 18.4 Еңсерілмейтін күш мән-жайларының әрекетін бастан кешіретін Тарап осындай жағдаяттардың басталғаны туралы екінші Тарапты 3 (үш) жұмыс күні ішінде хабардар етуге міндетті, егер Сақтандыру шартында/ осы Ережелерге қосымшада өзге жағдай көзделмесе,

- 18.5 Еңсерілмейтін күш мән-жайларының әрекеті құзыретті органдардың тиісті құжаттарымен расталуы тиіс.
- 18.6 Осы бөлімде көзделген Тараптардың жауапкершілігі Сақтандыру шартының талаптарына сәйкес өзгертілуі (толықтырылуы) мүмкін.

### **19. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ**

- 19.1 Сақтандыру шартынан немесе оған байланысты туындайтын кез келген даулар және/немесе келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі.
- 19.2 Даулар туындаған кезде Тараптар дауды реттеудің сотқа дейінгі мынадай тәртібін сақтауға міндетті:
- дау туындаған жағдайда Тарап екінші Тарапқа жазбаша шағыммен жүгінуге және талапқа жауап алуға міндетті. Егер Тарап шағымда баяндалған талаптарды қанағаттандырудан бас тартса немесе талап алынған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде шағымға жазбаша жауап бермесе немесе шағымды ішінара немесе толық мойындағанын куәландыратын әрекеттер жасамаса, Тарап сақтандыру омбудсманына дауды шешу туралы өтінішпен жүгінеді. Сақтандыру омбудсманының дауды мәні бойынша шешуі дауды реттеудің сотқа дейінгі кезеңін сақтаудың міндетті кезеңі болып табылады. Бұл ретте Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) үшін сақтандыру омбудсменінің шешімін орындау міндетті емес.
  - сақтандыру төлемінің мөлшеріне дауласуға қатысты дау туындаған жағдайда Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) сақтандыру төлемінің дауланбайтын бөлігін алуға міндетті, содан кейін осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген әрекеттерді жасайды.
- 19.3 Келісімге қол жеткізілмеген және дауды сотқа дейінгі тәртіппен реттеу мүмкін болмаған кезде тараптар Алматы қаласы Медеу ауданының сотына (егер даудың бір тарабы жеке тұлға болса немесе) немесе Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына (егер дау заңды тұлғалар немесе дара кәсіпкерлер арасында болса) талап-арызбен жүгінеді, яғни шарттық соттылық белгіленеді.
- 19.4 Осы Сақтандыру ережелері мемлекеттік және орыс тілдерінде 2 (екі) данада жасалды және оған қол қойылды. Мемлекеттік тілде жасалған осы Ережелер мәтінінің мазмұны орыс тілінде жасалған осы Ережелер мәтінінің мазмұнына сәйкес келмейтіні анықталған жағдайда, Тараптар орыс тілінде жасалған Осы Ережелер мәтініне сүйенеді.

### **20. ҚОСЫМША ЕРЕЖЕЛЕР**

- 20.1 Сақтандыру шартында/осы Ереженің қосымшаларында Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де талаптар көзделуі мүмкін.
- 20.2 Осы Ереженің негізінде Сақтандырушы сақтандыру тәуекелдерінің әртүрлі жиынтығымен және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де сақтандыру шарттарымен сақтандыру бағдарламаларын әзірлеуге құқылы.
- 20.3 Сақтандыру шартының мазмұны осы Ережелерге сәйкес келмеген жағдайда, сақтандыру шартының талаптары қолданылады, егер бұл сақтандыру шартында тікелей айтылған болса.
- 20.4 Осы Ережемен реттелмеген бөлігінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы қолданылады.

**РАДИАЦИЯ ЖӘНЕ РАДИОАКТИВТІ ЛАСТАНУ ӨСЕРІН ЖОҚҚА  
ШЫҒАРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ  
AVN.71**

Осы сақтандырумен келесілер өтелмейді:

1. кез келген мүліктің жойылуы немесе бүлінуі немесе одан туындайтын кез келген залал немесе шығыстар немесе жанама залал;
2. кез келген азаматтық-құқықтық жауапкершілік тікелей немесе жанама түрде туындаған немесе келесі себептерден туындаса:
  - a. кез келген жарылғыш ядролық құрылғының немесе оның ядролық компонентінің радиоактивті, улағыш, жарылыс қаупі бар немесе өзге де қауіпті қасиеттері;
  - b. радиоактивтіліктің кез келген басқа көзінен шығатын иондаушы сәулелену немесе радиоактивті ластану, сондай-ақ оның уландыратын, жарылыс қаупі бар және өзге де қауіпті қасиеттерін қоса алғанда.

## **САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНАН ЯДРОЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ ШЫҒАРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ AVN 38 B**

1. Осы Ережеге сәйкес кез келген мүліктің<sup>1</sup> жойылуы немесе бүлінуі және/немесе Сақтанушының келесілерден туындаған оқиғалар нәтижесінде кез келген зиян келтіргені үшін азаматтық жауаптылығы сақтандыру жағдайлары болып табылмайды:
  - a. кез келген жарылыс қаупі бар ядролық құрылғының немесе оның ядролық құрамдас бөліктерінің радиоактивті, уытты, жарылғыш немесе басқа да қауіпті қасиеттері;
  - b. радиоактивті қасиеттерімен немесе радиоактивті қасиеттерінің уытты, жарылғыш немесе басқа да қауіпті қасиеттерімен, оны жүк ретінде тасымалдау кезінде, оны сақтауды және тиеу-түсіру жұмыстарын қоса алғанда, кез келген басқа радиоактивті материалмен комбинациясы;
  - c. радиоактивтіліктің кез келген басқа көзінен иондаушы радиациямен немесе радиоактивтік залалданумен немесе кез келген басқа радиоактивтік көздің уытты, жарылғыш немесе өзге де қауіпті қасиеттерімен.
2. Осы Ережеге сәйкес осы Ереженің 1-тармағында аталған радиоактивті материалдарға және радиоактивті көздерге келесілер жатпайды:
  - a. азайған уран немесе кез келген нысандағы табиғи уран;
  - b. өңдеудің соңғы сатысына жеткен және ғылыми, медициналық, ауылшаруашылық, коммерциялық, білім беру немесе өндірістік мақсаттарда пайдалануға жарамды радиоизотоптар.
3. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайларына Сақтанушының кез келген мүлігінің опат болуы немесе зақымдалуы және/немесе кез келген залалды келтіргені үшін азаматтық жауапкершілігі жатпайды, егер:
  - a. Сақтанушы атом энергиясын пайдалануға байланысты зиян келтірілгені үшін жауапкершілікті Сақтандыру шарттарын қоса алғанда, басқа Сақтандыру шарттары бойынша сақтандырылған тұлға немесе ортақ Сақтандырушы болып табылады;
  - b. кез келген жеке тұлға немесе ұйым (Сақтанушыдан басқа) сақтандырылған әуе кемелерін пайдалану жүзеге асырылатын елдердің заңнамасына сәйкес қаржылық қорғауды қамтамасыз етуге міндетті;
  - c. Сақтанушы сақтандыру қолданылмағандай кез келген үкіметтің немесе оның ұйымының залалдарды өтеуіне құқылы.
4. Осы Ереженің 1-тармағында аталған радиоактивті материалдар немесе радиоактивті көздердің әсерінен туындаған оқиғалардың нәтижесінде кез келген залалды келтіргені үшін Сақтанушының азаматтық жауапкершілігі және/немесе кез келген мүлігінің опат болуы, зақымдалуы немесе жойылуы келесі жағдайда сақтандыру жағдайлары ретінде қаралуы мүмкін:

<sup>1</sup> Осы және одан кейінгі қосымшалардағы «кез келген мүлік» деп Сақтандыру шартында көрсетілген әуе кемесі, қозғалтқыштар, агрегаттар және т.б. түсініледі.



- a. сақтау немесе тиеу-түсіру жұмыстарын қоса алғанда, қандай да бір радиоактивті материалды жүк ретінде тасымалдау ИКАО-ның «Қауіпті жүктерді әуе арқылы қауіпсіз тасымалдау жөніндегі техникалық нұсқаулықтарына» сәйкес немесе заңнаманың неғұрлым қатаң талаптарына сәйкес жүзеге асырылатын болады;
- b. жоғарыда көрсетілген оқиға сақтандырудың қолданылу кезеңінде орын алды және сақтандыру төлемі туралы өтініш Сақтандырушыға Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген мерзім ішінде түседі;
- c. әуе кемесі опат болған, зақымданған немесе радиоактивтік зақымдану себебі бойынша пайдалану мүмкіндігі жоғалған жағдайда радиоактивтік зақымдану деңгейі Кестеде көрсетілген ең жоғары рұқсат етілген деңгейден асады:

<p align="center"><b>Сәулелендіргіш</b> (ХАЭАГ қауіпсіздік нормалары)</p>	<p align="center"><b>Беткі қабаттың радиоактивті ластануының максималды рұқсат етілетін деңгейі</b> (300 см<sup>2</sup> артық аудан бойынша орташаланған)</p>
<p>Бета, гамма сәулелендіргіштер, сонымен қатар уыттылығы төмен альфа сәулелендіргіштер</p>	<p>4 Бк\см<sup>2</sup> (0,1 нКи\см<sup>2</sup>) артық емес</p>
<p>Барлық басқа сәулелендіргіштер</p>	<p>0,4 Бк\см<sup>2</sup> (0,01 нКи\см<sup>2</sup>) артық емес</p>

- d. осы Ереженің 4-тармағына сәйкес жасалған сақтандыру әсері Сақтандырушы осы туралы Сақтанушыға жазбаша түрде хабарлаған кезден бастап 7 тәулік өткеннен кейін тоқтатылуы мүмкін.

**СОҒЫС, АЙДАП ӘКЕТУ ЖӘНЕ БАСҚА ҚАУІПТЕР (АВИАЦИЯЛЫҚ) БОЙЫНША  
ТӘУЕКЕЛДЕРДІ ЖОҚҚА ШЫҒАРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ  
AVN.48B**

Сақтандыру төлемдері келесілерден туындаған шығындар бойынша жасалмайды:

1. Соғыс, интервенция, шетелдік жаулардың әрекеттері, соғыс әрекеттері (соғыс жариялай отырып және онсыз), азаматтық соғыстар, көтерілістер, төңкерістер, көтерілістер, әскери жағдай немесе билік заңсыз басып алған немесе билікті заңсыз басып алу әрекеттері.
2. Атом немесе ядролық және/ немесе термоядролық немесе басқа ұқсас реакциялар немесе радиоактивті күштер немесе материалдар қолданылатын кез келген жауынгерлік қарудың кез келген жарылысымен.
3. Ереуілдер, тәртіпсіздіктер, азаматтық бағынбаушылық немесе өндірістік тәртіпсіздіктер.
4. Бір немесе одан да көп адамның қандай да бір іс-әрекетімен (өз атынан әрекет етуіне немесе қандай да бір мемлекет атынан әрекет етуіне қарамастан), саяси немесе террористік себептер бойынша акт жасалды, осы әрекеттен туындаған залалдар мен шығындар кездейсоқ немесе әдейі жасалған.
5. Кез-келген қауіп-қатер, іріткі немесе диверсия.
6. Тәркілеу, мемлекет меншігіне алу, тыйым салу, бас бостандығынан айыру, меншіктену, реквизициялау немесе қандай да бір үкіметтің (азаматтық, әскери немесе нақты билеуші) немесе қоғамдық немесе жергілікті биліктің пайдалануы немесе өкімі бойынша.
7. Ұшақта бір адам немесе ұшақ бортындағы адамдар тобы жасаған, Сақтанушының мақұлдауынсыз әрекет еткен ұшақты немесе экипажды айдап әкетумен немесе қандай да бір заңсыз басып алумен немесе күштеп бақылаумен (осындай басып алу немесе бақылаудың кез келген әрекетін қоса алғанда) байланысты болуы мүмкін.
8. Бұдан басқа, жоғарыда аталған қауіптердің бірі себебінен әуе кемесі Сақтанушының бақылауынан тыс болған уақытта туындайтын шығындар өтелмейді. Әуе кемесі Сақтанушыға Сақтандыру шартының географиялық шектеулерінен шығарылмаған әуеайлаққа аман-есен орала салысымен Сақтанушының бақылауына қайтып оралған және ұшу үшін толық жарамды болып есептеледі (аман-есен оралу деп әуе кемесі ажыратылған қозғалтқыштармен және қандай да бір мәжбүрлеусіз тұрақта тұрған жағдай есептеледі).

**САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНАН КҮНДЕРДІ ТАЛУҒА БАЙЛАНЫСТЫ САҚТАНДЫРУ  
ТӘУЕКЕЛДЕРІН ШЫҒАРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ  
AVN 2000A**

Осы Ережеге сәйкес Шарт бойынша сақтандырудан төмендегілерге байланысты немесе олардың (тікелей немесе жанама, ішінара немесе толық) себебі бойынша туындайтын кез келген сипаттағы наразылықтар, жойылу, бүліну, нұқсан, шығыстар немесе жауапкершілік (олардың Шарт бойынша туындауына, Азаматтық құқық бұзушылық, немқұрайлылық, өндіріс өнімі үшін жауапкершілік, жаңылыстыру; алдау немесе басқа да нәрсе болуына қарамастан) шығарылады:

1. Жыл, күн немесе тәулік уақытының өзгеруіне байланысты жыл, күн немесе тәулік уақыты туралы деректерді немесе ақпаратты нақты және толық өңдеуге, ауыстыруға немесе жіберуге компьютерлік құрылғылардың, бағдарламалық жасақтаманың, микрожүйелердің немесе ақпараттық технологиялық жабдықтың немесе жүйелердің қателіктері немесе қабілетсіздігі (олар Сақтанушы немесе үшінші тұлғалардың меншігінде болуына қарамастан)

бұл жылды, күнді немесе тәулік уақытын осылайша өзгерту кезінде, өзгертуге дейін немесе кейін болғанына қарамастан;

2. компьютерлік құрылғыларды, бағдарламалық жасақтаманы, микрожүйелерді немесе ақпараттық технологиялық жабдықты немесе жүйелерді (олардың кімнің меншігінде екендігіне қарамастан - Сақтанушының немесе үшінші тұлғалардың) тәуліктің жылын, күнін немесе уақытын өзгертуге күтуде немесе реакция ретінде немесе осындай өзгерістерге немесе түрлендіруге байланысты берілген ұсынымдарды немесе оларға байланысты қызмет көрсетуді орындауды өзгерту немесе түрлендіру (немесе өзгерту немесе түрлендіру әрекеттері);
3. Сақтанушының немесе үшінші тұлғалардың жылдың, күннің немесе тәуліктің кез келген осындай өзгерістеріне қатысты кез келген іс-әрекетінің, әрекетсіздігінің немесе шешімдерінің салдарынан қандай да бір мүлікті немесе кез келген түрдегі жабдықты пайдаланбау немесе пайдалану мүмкін еместігі және Сақтандырушының залалдарды тергеп-тексеру немесе даулау жөніндегі қандай да бір міндетіне қатысты Сақтандыру шартының ешқандай ережесі осы Ережемен алып тасталған шағымдарға қолданылмайды.

**ҚОСЫМША ӘУЕ КЕМЕЛЕРІН САҚТАНДЫРУ ЖӘНЕ ӘУЕ КӨЛІГІНІҢ ҚҰРАЛДАРЫН  
ӘУЕ КЕМЕЛЕРІН САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНАН ШЫҒАРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ  
AVN 17A**

1. Осы Ережеге сәйкес сақтандырудың қажетті кезеңіне бара-бар есептелген қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеу шартымен қолданыстағы Сақтандыру шартының талаптарында оның қолданылу мерзімі ішінде бұрын қолданыстағы Сақтандыру шартына сәйкес сақтандырылған әуе кемелері сияқты нақ сондай үлгідегі (Сақтанушыға тиесілі немесе пайдаланатын) қосымша әуе кемелері сақтандырылуы мүмкін.
2. Өзге үлгідегі немесе өзге құнды қосымша әуе кемесін сақтандыру үшін Сақтандырушының алдын ала келісімі және осы әуе кемесін сақтандыру басталғанға дейін оның сақтандыру тарифін (сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін) анықтауы талап етіледі.
3. Егер әуе кемесі сатылған немесе пайдаланудан алынған жағдайда, Сақтанушы оны қолданыстағы Сақтандыру шартынан алып тастауға және сақтандыру сыйлықақысын, сақтандырудың аяқталмаған мерзіміне бара-бар қайтаруға құқығы бар, егер ол сақтандыру төлемі туралы мәлімдемеген және егер Сақтандыру шарты көрсетілген әуе кемесін Сақтандыру шартынан алып тастауға байланысты автоматты түрде тоқтатылмаса.
4. Қолданыстағы Сақтандыру шартының талаптарымен сақтандырылған әрбір қосымша әуе кемесіне қатысты сақтандыру сыйлықақысы сақтандырудың нақты мерзіміне пропорционалды түрде, бірақ кемінде 15 күндік кезең үшін есептеледі.
5. Қосымша сақтандырылған әуе кемесінің толық қаза болуына байланысты сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушы жылдық сақтандыру сыйлықақысын толық мөлшерде төлеуге міндетті.
6. Қандай да бір қосымша әуе кемесін сақтандыру туралы өтінішті немесе осы Ереженің 1 және 3-тармақтарына сәйкес қандай да бір жеке әуе кемесін қолданыстағы Сақтандыру шартынан шығару туралы хабарламаны Сақтанушы Сақтандырушыға жазбаша нысанда қолданыстағы Сақтандыру шартына қосылған немесе одан шығарылған сәтке дейін кемінде бір тәулік бұрын жіберуге міндетті.